

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЫМДАУ  
ТІЛІН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Алматы 2019

ӘОЖ 376  
КБЖ 74.3  
М 54

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданып, ұсынылған (2019 жылдың қараша айының 4-дегі № 23 хаттамасы).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Комитетімен ұсынылған (№2946/11-3/130 хат 2020 жылдың 16 наурызы).

**Пікір жазушылар:**

**М.Н.Голубева** - есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернат директорының орынбасары

**Р.К.Айтжанова** – ТП ҰҒПО директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты

**Құрастырған авторлар:**

**А.Т.Баймұратова** – арнайы мектепке дейінгі білім зертханасының аға ғылыми қызметкері, педагогикалық ғылымдар кандидаты

**Г.А.Абаева** - ТП ҰҒПО директоры, педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент

**Н.Ю.Преображенская** – ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері, ымдау тілінің аудармашысы

Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық/ А.Т.Баймұратова, Г.А.Абаева, Н.Ю. Преображенская– Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 58 б.

ISBN 978-601-7131-96-8

Осы әдістемелік нұсқаулық білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану туралы нұсқаулықтардан тұрады. Онда ымдау тілінің ерекшелігі ашып көрсетіледі, оны жүзеге асыру тәсілдері мен айқындамалары, нұсқалары мен талаптары сипатталады, естімейтін балаларды дамытуда, тәрбиелеуде және оқытуда ымдау тілінің ана тілі ретіндегі рөлі негіздемеленген, білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолданудың стратегиялық аспектілері және талаптары анықталған. Нұсқаулық нашар еститін балаларға арналған арнайы балалар бақшаларының және мектептердің педагогикалық қызметкерлеріне, жалпы білім беретін ұйымдарға біріктірілген естімейтін балаларды оқытуды және тәрбиелеуді іске асыратын мұғалімдер мен тәрбиешілерге, орта және жоғары кәсіби білім беру оқу орындарының, оның ішінде сурдопедагогтар мен мамандарын дайындайтын білім басқармасы органдарының оқытушыларына, сондай-ақ нашар еститін балалардың ата-аналарына арналған.

ӘОЖ  
КБЖ

ISBN 978-601-7131-96-8

© ТП ҰҒПО, 2019

©А.Т.Баймұратова, Г.А.Абаева, Н.Ю.Преображенская, 2019

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	8
1.1 Ымдау тілі: түсінік, ерекшеліктері, түрлілігі.....	8
1.2 Ымдау тілін қолдану мәселелерінің қысқаша теориялық негіздемесі.....	12
2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЫМДАУ ТІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....	18
2.1 Қазақстанда ымдау тілін қолданудың қазіргі заманғы тәсілдері.....	18
2.2 Ымдау тілін арнайы (түзеу) балалар бақшасында қолдану.....	25
2.3 Ымдау тілін арнайы (түзеу) мектепте қолдану.....	27
2.4 Ымдау тілін нашар еститін балаларды біріктіру жағдайында қолдану .....	30
2.5 Орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану .....	31
2.6 Педагогтар мен ата-аналарға ымдау тілін оқыту .....	33
2.7 Ымдау тілінің аудармашыларын дайындау .....	35
3. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЫМДАУ ТІЛІН ҚОЛДАНУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛАПТАРЫ .....	37
ҚОРЫТЫНДЫ.....	41
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	42
А-ҚОСЫМШАСЫ. Нашар еститін балаларды оқытуды статистикалық қамту және Қазақстанның білім беру ұйымдарында ымдау тілін көрсету күйі.....	45
Б-ҚОСЫМШАСЫ. Ымдау тілінің ерекшеліктері.....	53
В-ҚОСЫМШАСЫ. Нашар еститін балаларды оқытуда ымдау тілін қолданудың шетелдік тәжірибесі .....	56

## КІРІСПЕ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алу құқықтарын мойындау олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін мақсатты және тиімді жүзеге асыруды білдіреді. Арнайы балалар бақшаларында және мектептерде оқу-тәрбиелеу және түзеу-дамыту процесі осыанат балаларының өз мүмкіндіктерін ескере отырып, қоршаған ортаны тануды, қоғамға бейімделуді, айналада болып жатқан оқиғаларға дұрыс назар аударуды, қарым-қатынас құра білуді, белсенді және дербес әрекет жасауды үйренуіне бағдарланған. Бүкіл білім беру процесі мектепке дейін тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеттібілім беру стандартына, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557, 2014 жылғы 25 ақпандағы №61, 2016 жылғы 30 наурыздағы №233, 2016 жылғы 07 шілдедегі №432 бұйрығымен тиісінше бекітілген мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке дейін тәрбиелеу және оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленеді.

Мұнымен қатар арнайы балалар бақшалары мен мектептер қызметін талдау мүмкіндігі шектеулі балалардың мұндай тобын тәрбиелеу және оқыту нашар еститін балаларға білім беру мазмұнын жаңарту және адамгершілік педагогикасының айқындамаларын жүзеге асыру тұрғысынан жаңа құрылымдық тәсілдерді талап етеді. Сөз нашар еститін балаларға білім беру жүйесінде ана тілі ретінде ымдау тілін оңалту туралы болып отыр.

Бұл бағыттағы жағымды өзгерістер үшін күшті ынталанудың бірі 2006 жылы қабылданған және Қазақстан Республикасы 2015 жылы ратификациялаған мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) болып табылады. Конвенцияның негізгі ойы мүгедектердің адамның барлық құқықтарын және кемсітусіз негізгі еркіндікпен пайдаланудың нақты мүмкіндіктерінің болуында. Олардың құқықтары бұзылған жағдайда Конвенцияның Факультативтік хаттамасында шағымдарды қарастыру тетігін құру есебінен орнын толтыру үшін тең құқыққа кепілдік беріледі [1].

Конвенцияның түрлі баптарында ымдау тілі туралы бірнеше мәрте атап өтіледі. Осылай 9-бап өмірдің барлық қырларында ымдау тілінің жоғары білікті аудармашысының қызметін пайдалану құқығын бекітеді. 21-бапта ымдау тілін тану және дамыту, мемлекеттің ымдау тіліне қолдау көрсетуі, ымдау тілінің мәселесі бойынша зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету, жұртшылықты ымдау тілі туралы ақпараттандыру туралы айтылады. 24 бапта білім беру туралы сөз болып отыр. Естімейтін балалар үшін ымдау тілі

білім беру тілі болып табылады. Білікті оқытушылар оқыту процесінде ымдау тілін еркін игере білуге тиіс. 30-бапта естімейтін адамдар мәдениетке ымдау тілінің көмегімен қол жеткізу үшін олардың мәдениетін дамыту туралы айтылады. Естімейтін адамдарды адам баласы түрінің бірі ретінде тану, дүние жүзіндегі әрбір естімейтіндер қоғамдастықтары ішіндегі алуан түрлілікті нығайту қажет.

Конвенцияның нашар еститін балаларға білім берудегі мәнділігі оларды сауатты, білімінің өрісі кең және өзінің зерделік әлеуетін пайдалануға қабілетті етіп дайындау қажеттігінде. Нашар еститін балалардың ересек болғанда өздерінің конституциялық құқықтарын еркін жүзеге асырулары және еңбек қызметтерін дербес басқарулары маңызды.

Конвенцияның жоғарыда айтылған 24-бабы естімейтін балаларға білім беру жүйесінде ымдау тілінің артықшылығын бекітеді, бұл оларды ымдау тілінде оқытуға нұсқама береді. Америкалық құқық қорғаушылары көпшілігінің пікірі бойынша естімейтін балаларды ымдау тілімен оқытпау оларға қатыгездікпен қараумен теңестіріледі. Мұндай айқындама естімейтін азаматтарға ымдау тілін қолдануға мән бермейтін мемлекеттерге маңызды жолдау ретінде қызмет етеді.

Халықаралық тәжірибе естімейтін адамдар екі тілді, ымдау және сөйлеу тілін меңгерсе, білімді болатынын көрсетті. Бейресми жағдайда басқа естімейтін адамдармен еркін қарым-қатынас кезінде олар ымдау тілін қолданады, ал ресми іс-шараларда және еститін адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде дактильделген құрамда сөйлеу-ымдау екітілділікті қолданады. Екі тілді қатар қолдану естімейтін адамдардың когнитивтік ойлауына және сөйлеу белсенділігіне жағымды әсер етеді, олардың білім алу және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Ымдау тілі Қазақстанда естімейтін адамдардың білім алу деңгейін көп жақсартқан жөн болар еді. Қазақ естімейтіндер қоғамының облыстық басқармаларының 2019 жылғы 1 қаңтарға сәйкес берген мәліметтері бойынша нашар еститін адамдардың 30%-ның ғана - орта білімі, 13%-ның ғана – орта кәсіби білімі және 1%-ның ғана – жоғары кәсіби білімі бар. Қалған адамдардың 56% өкінішке орай мектепті толық көлемде аяқтамаған. Нашар еститін адамдарға білім беру деңгейінің жеткілікті болмауының себебі бір жағынан ымдау тілін ана тілінде оқыту жүйесінің жоқтығы және екінші жағынан ымдау тілінде сапалы білім алуға қол жеткізудің шектеулі екендігінде болып отыр (1-қосымша).

Қазіргі уақытта Қазақстанда нашар еститін балаларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда ымдау тілінің мәртебесін бекітетін нормативтік-құқықтық құжат жоқ. Ымдау тілін қолданудың жекелеген аспектілері ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңында көрсетілген, онда төмендегілер қарастырылған:

- оңалтудың жеке бағдарламасы шеңберінде естуі бойынша мүгедектер

үшін ымдау тілі маманының қызметі жылына 60 сағат (7-бап 9-т.; 21-бап, 4-т.);

- мүгедектерді әлеуметтік оңалту саласында кадрларды, оның ішінде ымдау тілінің мамандарын дайындау, қайта дайындау және біліктілігін көтеру (10-бап, 5-т.);

- тұлғааралық қатынас құралы ретінде, сондай-ақ естімейтін және нашар еститін балаларға арналған білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларында ымдау тілін пайдалану (28-бап, 2-т.).

Елімізде жыл сайын ымдау тілі жетілген емес және оны оқу процесінде пайдалану нашар еститін балалар зердесінің дамуын тежейді деген дәстүрлі нұсқауды қате деп есептейтін мұғалімдер мен тәрбиешілер саны жыл сайын өсіп келеді. Мұғалімдер мен тәрбиешілер сөйлеу тілі басым болған жағдайда бұл нұсқау естімейтіндердің өздерін шағын әлеумет мүшесі ретінде сәйкестендіретін нашар еститін балалар мүддесіне қайшы келеді. Құлағы еститіндермен бірге тұратын, оқитын, жұмыс істейтін және өздерін бүкіл қоғамның бөлігі деп есептейтін есту қабілеті ұқсас бауырластарынан арнайы балалар бақшасы мен мектептердің тәрбиеленушілері мен түлектерінің айырмашылығы олардың өз тілін дамытуға және ымдау тілінде білім алуға құқықтары бар.

eLibraryKZ ғылыми электронды кітапхана қорында және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхана деректер базасында ымдау тіліне және естімейтіндердің билингвизміне арналған отандық жарияланымдар жоқ екені, алайда құлағы естімейтін балаларды сөйлеу тіліне, айтуға, тіл дамытуға, естуін дамытуға және т.б. оқыту бойынша жұмыстары аз емес екендігі туралы фактіге назар аударатын болсақ, Қазақстанда естімейтін балаларды оқытуда ымдау тілі проблемасы көтерілмегені анық көрінеді. Салыстыру үшін естімейтіндердің ымдау тілі мәселелері, оның сауаттылық пен ойлау парадигмаларын, эмоционалдық саланы және әлеуметтендіруді дамытудағы рөлі бойынша халықаралық ғылыми әдебиет қорының жай-күйі туралы В.З. Базоев келтірген мәліметтерге сілтеме жасауға болады [2]. Ол 2013 жылғы жағдайға сәйкес АҚШ-тың eLibraryUSA ғылыми электрондық кітапханасының қорында естімейтіндердің билингвизмі туралы 244 басылым, Ресейдің eLibraryRU ғылыми кітапханасының қорында біраз аз – 65; АҚШ Конгресінің кітапхана қорында – 1079 естімейтіндерге білім беру туралы жарияланым, 84 – естімейтіндердің билингвизмі туралы және 3981 ымдау тілі туралы ескерту, Ресей мемлекеттік кітапханасының қорында біраз аз – 26 ымдау тілі туралы, 6 – естімейтіндердің екітілділігі туралы және 3 – естімейтіндердің сауаттылығы туралы. Бұл мәліметтер шетелдерде ымдау тілінің проблемасы түрлік аспектілерде терең зерттелетінін және білім беру ұйымдарының қызметінде өзінің іс жүзіндегі шешімін табатынын көрнекі түрде куәландырады.

Осы Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты: нашар еститін балаларға білім

беру жүйесінде ымдау тілін қолданудың орындылығын сараламалау тәсілі негізінде негіздемелеу.

Бұл мақсатқа жету үшін екі міндет қарастырылған:

- естімейтін баланың дамыту мен оқытудағы ымдау тілінің рөлі мен орнын қазіргі заманғы ғылыми көзқарас тұрғысынан қайта ойластыру;

- білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолданудың стратегиялық аспектілерін және оларды жүзеге асыру талаптарын анықтау.

Әдістемелік нұсқаулықты дайындау кезінде нашар еститін балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту құралы ретіндегі ымдау тілінің проблемалары бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың үлкен көлемі, ымдау тілінің, сөйлеу-ымдау екітілділіктің (билингвизм) лингвистикалық талдауы, ымдау тілін оқытудың, мәдениет аралық қарым-қатынастың, естімейтіндердің микроәлеуметінің және еститіндердің макроәлеуметінің және нашар еститін тұлғалардың жеке тұлғалық дербес дамуының технологиясы жеткілікті түрде зерттелді (С.Л. Выготский, Г.Л. Зайцева, Т.П. Давиденко, Т.В. Розанова, Базоев З.З., В.А. Паленный, Р.Н. Фрадкина, Н.М. Григорьева, А.А. Комарова және көптеген басқалары). Авторлар М.Танк атындағы Белорусь мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы Инклюзивтік білім беру институтының түзеу-дамыту технологиялары кафедрасының доценті, педагогикалық ғылымдар кандидаты И.К. Русаковичке нашар еститін балаларды ымдау тіліне оқытудың сұрақтары бойынша кеңес бергені үшін ерекше ризашылықтарын білдіреді.

Ымдау тілін қолдану проблемалары бойынша мамандар айқындамасының күрделілігіне қарай әдістемелік нұсқаулық түсіндірмелік сипатта берілді. Ол үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте қарым-қатынас және лингвистика көзқарасы тұрғысынан ымдау тілі туралы жалпы түсінік берілген, екінші бөлікте нашар еститін балаларға білім беру жүйесінде ымдау тілін қолданудың стратегиялық аспектілері ашылған және үшінші бөлікте Қазақстан Республикасында осы аспектілерді жүзеге асыру талаптары сипатталған.

# 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

## 1.1 Ымдау тілі: түсінік, ерекшеліктері, түрлілігі

Ымдау тілі – нашар еститін адамдардың негізгі тілі, ол арқылы қоғамдық-тарихи тәжірибе игеріледі, сақталады және келесі ұрпаққа беріледі. Ол ымдау жинағын білдіреді, олардың әрқайсысы ауыз бен ерін кимылының, түрінің және қозғалысының үйлесімімен, сондай-ақ, дене тұрқы қалпының үйлесімімен қолмен жасалады. Естімейтін және нашар еститін адамдар сөйлеу мүмкіндігіне және қалауына байланысты қолданылады.

«Ымдау тілі» түсінігінің «ымдап сөйлеу» түсінігімен салыстырғанда мәні кеңірек. Ымдау тілі– өзгеше, жеткілікті түрде күрделі тілдесу жүйесі, онда ымдау тілі пайдаланылады. И.К. Русаковичтің айтып жеткізуі бойынша ол тілдесуде ымдау тілінің заңдарын көрсетеді және есту депривациясы (естімей қалып мазасыздану) жағдайында естімейтін адамдарды толық түсінуді қамтамасыз етеді [3].

Ымдау тілінің қатысымдық және лингвистикалық аспектілері.

Қатысымдық аспект ымдау тілінің сөйлеу тілін қабылдай алмаудың орнын өзіндік толтыру қызметін атқаратынын және кез келген тілдің негізгі функциясын – адамдардың тілдесу құралы болуды орындайтынын білдіреді. Ымдау тілі тұлғааралық тілдесудің нақ тәсілі және нашар еститін адамдардың өзін-өзі сәйкестендіру құралы ретінде қарастырылады. Ол орындаушының иілімділігіне, мәнерлілігіне, жігерлілігіне, сезімталдығына байланысты. Сондықтан, түрлі адамдардың белгілі бір ым білдірулері әр түрде көрінуді мүмкін.

Лингвистикалық аспект ымдау тілінің жоғары дамыған тілдік жүйе екендігін білдіреді, ол түрлі мәндерді, о.і. абстрактілі және күрделі мәндік пікірлерді білдіру үшін қажетті лексикалық және грамматикалық құралдардың бәріне ие [4].

Ымдау тілін ерекше морфологиялық және синтаксистік белгілері бар лингвистикалық жүйе ретінде алғаш рет У. Стоуки зерттеген [5]. Американдық ғалымның пікірі бойынша ымдау тілінің семантикалық бірлігі ым болып табылады және құрылымы күрделі. Ымдар үш класқа бөлінетін хиремалардан тұрады:

- таба- ымды орындау орнын көрсетеді;
- деза - қолдар кескіндемесін көрсетеді;
- сига - қозғалыс сипатын көрсетеді.

Хиремалар функциясы жағынан фонемаларға балама, алайда ымдау-морфемасының морфемада сызықтық бірізділікпен тізілетін фонемалардан айырмашылығы бір уақытта әрбір үш кластың хиремасы қатысады.



Ымдау тілінде:

- күнделікті тілдесу процесінде лексикалық құрам қалыптасады;
- грамматикалық құрам ымдау мәнін түсінуді жеңілдетеді;
- тек бір грамматикалық белгі берілген – ымдар мен көмекші сөздер (кеңістік) тәртібі;
- ымдап пікір білдірудің синтаксистік құрылымының өз ерекшелігі берілген.

Ымдау тілінің ерекшелігін айта отырып, олардың көрініс белгілері мен нысандарын ерекшелеу маңызды, олар 1-кестеде келтірілген [6,7].

### 1-кесте – Ымдау тілінің ерекшеліктері

Белгілері	Көрініс нысандары
Ымның компоненттік құрамы	- кескіндемесі (сол – оң қол, қолдың саусақтары мен буындарының күйі, екі тілмен ымдау кезінде орналасуы); - кеңістіктік күйі (мандай тұсында, бет тұсында, кеуде тұсында және т.б.); - қозғалысты көрсететін компонент – қозғалыс бағыты мен сапасы
Ақпарат ағынын қатар беру	- тілдің синхрондық құрылымы (мысалы, «мөлшері зор объект көпірмен жылжып келеді» мазмұны бір ым көмегімен берілуі мүмкін, ал дыбыстық тілде ақпарат бірізділікпен, бір хабар екіншісінен кейін беріледі)
Ымдап сөйлеу тілінің екіұштылығы	- тілдік ым түсініктен тұрады, бірақ көптік, жыныстық, септік, райлық, уақыты түрінің нысанын білдірмейді; - етістіктердің нысаны бір ғана – инфинитив. Әрекет уақытын белгілеу үшін көмекші ымдар пайдаланылады: «болды» («болмады»), «болады», «әлдеқашан»
Бастапқы фразаны өзгерту	- сөйлеу ымдау тілінде айтылған сөзде етістіктер түсіп қалады; - барлық фразалар айтарлықтай қысқартылады; - фраза кейде газартылған әдеби тілде өзіне ұқсаспен салыстырғанда аз танылатын түрге енеді. Мысалы «Мен жұмысқа бара жатырмын» фразасында «бара жатырмын» етістігі түсіп қалуы мүмкін және фраза «мен – жұмыс істейді» болып көрінеді)
Көмекші ымдар	- себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру үшін сөйлесу ымдау тілінде тілдесуге «байланыс», «себеп», «өйткені», «сондықтан» көмекші ымдары қосылады; - нақты сұхбаттарда көмекші ымдар әдетте болмайды.
Конситуативтік (көп жағдайлылық)	- ыммен тілдесу конситуативті болады; - сөйлесу ымдау тілінде «сөйлесуде әрқашан болатынды», мысалы бас, қол, мұрын және т.б. белгілеу үшін арнайы ымдар жоқ, бұл мәндер көрсетумен білдіріледі; - ымның мәні мәтінмәнімен анықталады. Осылайша мәтінмәнге байланысты «кішкентай» ымы «үйшік», «бұзау», «бала», «марғау», «пышақ», «кесек» және т.б. ымдармен үйлесімде түрлі түрде жасалады, сондай-ақ «ұшып жүр» ымы: «құс ұшып жүр», «поезд пойыз ұшып келеді», «уақыт өтіп барады», «самолетұшақ ұшып барады», «ақша қар ұшып жүр», «адам ұшып барады» және т.б. ымдармен үйлесімде түрлі түрде жасалады.

Нақтылық	- жалпыламау сипатта емес; - нақты зат немесе әрекеттің белгісін дәл береді. Мысалы «үлкен» («үлкен үй», «үлкен ит», «үлкен адам») деген сөзді жеткізу үшін бірінші ым жоқ. Мұндай сөз нақтызаттың және т.б. белгісін нақты және дәл жеткізетін түрлі ымдармен көрсетіледі; - затты атамайды, оны бейнелейді. Егер сөз элементтері (дыбыстар мен әріптер) заттың материалдық сипаттамасына байланысты болмаса, қолдың қозғалысы заттың немесе әрекеттің белгісін білдіреді. Сондықтан ымдар әрқашан әртүрлі. Мысалы «үй» деген ымды көрсеткенде қолдың буындары шатырдың суретін салады, «достасу» - қол қысумен беріледі.
Көпмәнділік	- нақты әлемнің түрлі объектілерін белгілеу үшін бір ымды пайдаланумен беріледі; - әрекет етуші тұлға, және әрекет құралы және процесс бөліп көрсетілмейді (мысалы, балташы, сүргі, сүргілеу); - әрекет және оның нәтижесі, әрекет өнімі бөліп көрсетілмейді (сурет салу – сурет); - мағынасы жақын немесе синонимдік түсініктерді айыру үшін қосымша белгілер енгізіледі (мысалы сурет = сурет салу + жақтау), бұл ретте сөз дыбысталады.
Ымдар этимологиясы	- ымдардың пайда болуын қадағалауға болады; - бірте-бірте бастапқы сурет сызбалы, шарттырақ болады.
Кеңістіктің үш өлшемділігі	- ымдаушы жағдайға қатысушыларды кеңістіктің белгілі нүктелеріне «араластырады»; - бұдан әрі предикаттарды дыбыстау орнына объектінің орналасуына байланысты болжамды түрде түрлендіріледі.
Қозғалу табиғаты	- ымды кеңістікте дененің салыстырмалы белгілі бөлігінде (жақын, жоғары, солға қарай және т.б.), талап етілетін кеңістікте затты белгілей отырып, орналастыруға болады; - әр қолдың ымы бойынша орындай отырып, бір уақытта екі затты көрсетуге болады.
Мәндерді сарамалау	- ымдар субстанциясықозғалыс бағыты мен сапасын өзгерту арқылы мәндерді сарамалау белгілеуге мүмкіндік береді.
Грамматикалық функциялары	беттің қимылы және дененің қозғалысы ымдау тілінің грамматикалық функциясын орындайды; - бет қимылы – тілдің екпін тұрғысына өзіндік ұқсастығы: бет дауыс ырғағы сияқты бай тілдесу мүмкіндігіне ие.

1-кестені толықтыру 2-қосымшада.

Ымдау тілінде екі түр айырып көрсетіледі, олардың әрқайсысының лингвистикалық құрылымы бар:

- сөйлесу;
- сөз жасау.

Ыммен сөйлесу тілі (бұдан әрі - ЫСТ) – естімейтін адамдар қоғамдастығы пайдаланатын ымдау тілі. ЫСТ-нің лексикалық құрамы алуан түрлі және ЫСТ пайдаланатын нашар еститін әңгімелесушілердің тілдесу қажеттігін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Морфологиялық мәндер ЫСТ-не

түрлі тәсілдермен беріледі. ЫСТ морфологиясының маңызды ерекшелігі – ымды орындау тәсілін өзгерту және ымдардың қозғалыс-кеңістік сипаттамалары және олардың конситуативтік мәндері өзара байланысты және өзара шарттасқан бұзылмайтын кешенді білдіретін парадигмаларды жасау мүмкіндігі. ЫСТ-нің синтаксисі қарапайым және күрделі пікір білдіруде бай және өзіндік құрылымымен ерекшеленеді. Қарапайым пікір айту негізгі екі түрлі құрылымнан: екі ымбір уақытта пайдаланылатын синтагмалардан тұратын синтаксистік бірліктен және конситуативтік пікір айтудан тұрады. [6,7,8].

Сөз жасайтын (калькалайтын) ымдау тілі (бұдан тілі – СЫТ) қайталама белгілік жүйе болып табылады, онда барлық ымдар кәдімгі сөздер баламасы ретінде болады, ымдарды бірізділікпен қолдану тәртібі сөздік тілдің синтаксисімен анықталады. Өз грамматикасы жоқ, бірақ сөз мәнін жеткізу үшін алуан түрлі лексикалық құралдары бар. Сөздік сөйлемді жасайды және әдетте ауызша тілмен сүйемелденеді. Дәл осы себепті сөйлеу тілін нашар игерген естімейтін балалар СЫТ-де айтылған пікірді түсінуде қиындыққа кездеседі [6,8,9].

## 2-кесте – ЫСТ және СЫТ салыстырмалы сипаттамасы (Г.Л. Зайцева бойынша)

Ыммен сөйлесу тілі	Сөз жасайтын (калькалайтын) ымдау тілі
Ымдар мен ыммен сөйлесу көмегімен тілдесу жүйесі	Ымдарды айтушының ауызша тілі сүйемелдейтін тілдесу жүйесі
Өз лексикасы мен грамматикасы бар өзіндік лингвистикалық жүйе	Қайталама белгілік жүйе; Ымдар бастапқы нысанда орындалады өз грамматикасы жоқ
Естімейтіндер тілдесу процесінде тікелей игеріледі және күнделікті тілдесуде пайдаланылады	Сөздік тіл құрылымын жасайды (калькалайды)
Ымдар саны әдетте кәдімгі тілдегі сөздер санынан кем	Ымдар сөздер баламасы ретінде болады, ал оларды қолдану тәртібі тиісті сөйлемдегі сөздерді қолдану сияқты
Белгілі бір ыммен түрлі денотаттар белгіленуі мүмкін	Әдетте дауыссыз айтылады
Бұл тілде бала жастан отбасында осы тілде қатынас жасайтын естімейтін адамдар тілдеседі	Ресми жағдайда пайдаланылады, онда ымдарды ауызша тіл сүйемелдейді

СЫТ элементтерінің бірі дактильді тіл, ол қол саусақтары арқылы сөздің орфографикалық нысанын жасайды. Ол көмекші құрал ретінде пайдаланылады [6,10]:

- Сөйлеу тілін естіп-көріп қабылдау қиындағанда;
- Жалқы есімдерді, атауларды, көмекші сөздерді (а, ну, бы, эхжәне т.б.) айтуды белгілеу үшін;
- Жаңа сөздерді немесе күрделі ымдарды енгізу кезінде.

Дактильдік тіл:

- негізі бойынша жазба тілге, функциясы бойынша – ауызша тілге ұқсас;
- тілдің орфография, морфология және синтаксистік ережелерінің бәрін сақтайды;
- ауызша және жазбаша тіл ережелеріне бағынады;
- сөздерді орфоэпиялық емес орфографиялық жасайды;
- бір қолмен дактильдік белгілер арқылы кез келген сөзден немесе сөйлемнен жасалады.

Ымдау тілі, оның ерекшеліктері және түрлері туралы жалпы түсінік ымдау тілінің нашар еститін балаларды оқытуда, тәрбиелеудегі және дамытудағы рөлін түсіну және білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолданудың стратегиялық аспектілерін қолдану үшін қажет.

## **1.2 Ымдау тілін қолдану проблемаларын қысқаша теориялық негіздемеу**

Бүгінгі күнде сурдопедагогика тарихында ымдау тіліне және нашар еститін балаларға білім беру жүйесінде оқытуға көңіл бөлудің дамығаны байқалады.

Естімейтін балаларды оқыту тарихи тұрғысынан XVIII ғасырда естімеудің медициналық-биологиялық концепциясы шеңберінде таза ауызша әдістен басталды және қазіргі уақытта естімеудің әлеуметтік концепциясы шеңберінде сөздік-ымдық екі тілділік (билингвизм) танылуда. Даму процесінде мамандардың ымдау тілінің білім беру құндылығы туралы ғана емес білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде оқытуға педагогикалық тәсілдерді пайдалану туралы қызу және өткір пікірталастар ілесіп келеді.

Ымдау тілін қолдану проблемасына қызығушылық XIX ғасырдың өзінде туындады, ол кезде бірнеше елдерде естімейтін балаларға арналған арнайы мектептер қызмет етті. Орыс сурдопедагогы В.И. Флери естімейтін балаларды оқытуда мүмкін болатын барлық тілдік құралдарды: ауызша, жазбаша, дактильді нысанда сөздік тілді және ымдау тілін пайдалануға ұсыныс жасады[11]. Ол жаратылыс (естімейтіндердің қарадүрсін ымдаулары) және табиғи (естімейтіндердің белгілі бір қоғамдастығында қалыптасқан ымдар жүйесі) бастапқы оқытуда қолданылуы тиіс, ал жасанды пантомима (сөз жасайтын (калькалатын) ымдау тіліне тәріздес) сөздік тілді игерген

естімейтіндермен жұмыста қолданыла алады. В.И. Флери тәсілі қазіргі уақытқа дейін өзекті деңгейде қарастырылады.

Нашар еститін балаларды оқытуда кеңестік білім беру жүйесі кезінде болған ауызша тіл басым дефектология саласындағы кеңес ғалымдары В.С. Выготский және И.А. Соколянский қарсы сөз сөйледі. «Таза ауызша әдісті» сынай отырып, В.С. Выготский оқушы тілді емес дыбыстауды игереді деп есептеді. Ол былай деп жазды: «Ауызша тілдің бет қимылымен күресі педагогтардың жақсы ниеттеріне қарамастан әдетте, әрқашан бет қимылының жеңісімен аяқталады, дәл бет қимылының психологиялық жағынан естімейтін мылқау сөйлемейтін адамның шын тілі болып табылатындығынан емес көп педагогтар айтқандай оның жеңіл тіл екендігінде де емес оның функционалдық мәнінің барлығы бай түпнұсқалық тіл екендігінде, ал сөздерді ауызша айтуда жасанды дағдыландырудың өміршең байлығы жоқ және жанды тілдің өлі көшірмесі болып табылады. ... Біз бет қимылына жоғарыдан, менсінбей қарамай және оны жау ретінде кемсітпей, тілдің әртүрлі нысанының бір бірі үшін бәсекелес және бірі бірінің дамуын өзара кідіретінін түсіне отырып, естімейтін мылқау баланы тілді игеруге алып баратын баспалдақтармен естімейтін мылқау баланың тілдік қызметінің барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тиіспіз» [12,13].

Л.С. Выготский ымдау тілі – күрделі және өзіндік лингвистикалық жүйе екенін, ал естімейтіндердің сөздік-ымдық екі тілділігі – объективті нақтылық екендігін түсінді. Оның пікірі бойынша ымдау тілі қосымша құрал ретінде естімейтін балаларға қоршаған ортаны жеңіл, қызығушылықпен және толық көлемде ұғынуға мүмкіндік береді. Және бұл ретте ол сөздік тілді игеруге мүлде кедергі жасамайды.

И.А. Соколянский былай деп жазды: «Мектеп жасына дейін және мектеп кезеңінде естімейтін баланың ымдау тіліне көңіл аудармау – аса ауыр қылмыс . . .» [14]. Ол бұл қылмысты балаларды денсаулығының күйіне, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғам мен отбасынан оқшауланғанына байланыссыз жалпы көрсеткіштері бойынша теңдестірумен байланысты ерекшеліктерінің бірі болған кеңестік кезеңдегі білім беру идеологиясымен байланыстырады.

КСРО-да, кейін Ресейде ымдау тіліне қатысты айтарлықтай өзгерістерді белгілі сурдопедагог Г.Л. Зайцева енгізді, она ол орыс ымдау тілінің өзіндік грамматикасы, лексикасы және даму тарихы бар екенін дәлелдеді. Естімеу кезінде тілді қалыптастыру процесіне ерекше назар аудара отырып, ол естімейтін бала үшін ымдау тілі қарым-қатынастың табиғи нысаны екенін, оның көмегімен толыққанды тілдесе алатынын және осы дүние нақтылығын игере алатынын атап өтті [8,9,15].

Г.Л. Зайцеваның ізбасарлары мен пікірлестері - Т.П. Давиденко, А.А. Комарова, В.П. Паленный және басқалары естімейтіндерге білім беруде ымдау тілін талдау мен пайдаланудың түрлі аспектілерін зерттеді, оны игерудің және т.б. әдістемесін әзірледі. [16,17].

Г.Л. Зайцева мен оның оқушылары ыммен тілдесу мынадай сызбамен құрылатыны туралы түсінікке келді: субъект – объект – предикат (яғни субъект туралы айтылғанды бекіту). Мысалы, қызыл алманы бала жеп отыр, дәптерді жас мұғалім тексеріп отыр. Алайда бұл ретте ол әдеби тілмен салыстырғанда ымдар тәртібі тілдесуде біршама еркін екендігін атап өтті. Г.Л. Зайцева ыммен тілдесу құрылымына үшін белгілі ерекшеліктер тән екеніне назар аударды: хабарлы сөйлемде бірінші орында бастауыш, соңғы орында баяндауыш, сұрақ – фраза соңында тұрады (мысалы ана, терезені жуамын қашан); келіспеу –фраза соңында (ана терезе жуу жоқ).

Орыс ымдау тілінде кеңістік қатынасты, себеп-салдар байланысын, сондай-ақ белгілі бір пікір білдіруді жеткізетін екі ым екі қолмен бір уақытта орындалады.

Г.Л. Зайцеваның ерекше үлесі естімейтін балаларды оқытуда билингвистикалық тәсілді үйренуде екендігі атап өтіледі.

Г.Л. Зайцеваның жұмыстарын қорытындылау [15,18] нәтижесінде 3-кестеде берілген билингвистикалық және сөздік тәсілдердің салыстырмалы сипаты құрастырылған.

3-кесте – Нашар еститін балаларды оқытуда билингвистикалық және сөздік тәсілдердің салыстырмалы сипаты (Г.Л. Зайцева бойынша)

Билингвистикалық тәсіл	Сөздік тәсіл
<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқытудың педагогикалық жүйесі естімейтін балаларды олар үшін микроәлеуметтің (ымдау) мәдениеті мен тілі ішінде тәрбиелеу керек екенін мойындайтын және бұл ретте тұратын елінің ұлттық мәдениетінен және сөздік тілінен оқшаулауды болдырмайтын оқыту жүйесі;</li> <li>- білім беру процесінің екі тең құқықты және тең бағалы құралдарын пайдалануды қарастырады: сөздік және ымдау тілі;</li> <li>- педагогтар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас кедергісін жояды;</li> <li>- балалар мен ересектер арасында шын, сенімгерлік қарым-қатынас құралы, сезіммен беріле оқытуды қамтамасыз етеді;</li> <li>- оқу ақпаратының көлемін айтарлықтай ұлғайтады, оны оқушыларға жеткізудің және олардың қабылдауын жылдамдатады;</li> <li>- оқу пәндері мен бұрын естімейтін мектеп оқушыларына сөздік сөйлеу тілінде бұл пәндерді оқытудың қиындығы себебінен қол жетімсіз болған білім саласының өрісін кеңейтеді;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- естімейтін баланың кез келген еститін бала сияқты сөздік тілді игеруі мақсатында сөздік тілге оқытуды қарастырады;</li> <li>- пәндік-тәжірибелік қызмет жағдайында естімейтін балалар тілінің қалыптасуына және дамуына, тілді игерумен байланысты ойлауын дамытуға, тілдесуді қызмет ретінде дамытуға бағытталған;</li> <li>- сөздік тілді жүйелі тілде меңгерудің алғы шарты тілдесудің сөздік нысандарын іс жүзінде игеру;</li> <li>- тілдік қызметтің барлық түрлерін (айту, тыңдау, жазу, оқу, дактильдеу, бет қимылынан және айтушының дактильдеуші қолынан көре қабылдау) меңгеру ретінде ғана емес тілдік қызметті дамытуды, алайда тілдік қызметтің бүкіл құрылымын (оның мақсаттарын, уәждерін, тәсілдерін, құралдарын) меңгеруді білдіреді;</li> <li>- пәндік-тәжірибелік оқу сабақтарымен, естіп қабылдауды дамыту және айтуды қалыптастыру бойынша сабақтармен қамтамасыз етіледі;</li> </ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы аса кең ой-өрісін, тіл мен математика бойынша аса терең білімді қамтамасыз етеді;</li> <li>- естімейтін балаларды әлеуметтік бейімдеуді тереңдетеді;</li> <li>- естімейтіннің өзіндік ерекшелігін және мәдениетін сақтайды;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ести қабылдауды дамыту және айтуды қалыптастыру бойынша сабақтар қалған есту қабілеті мен көру талдағышын пайдалану есебінен тілді қабылдауды байытуға және ауызша нысанда тілді айта білуді және дағдыларын қалыптастыруға, тілдік қатынас жағдайында сөйлесуші үшін анық және түсінікті түрде ауызша нысанда айтуға бағытталған;</li> <li>- С.А. Зыковтың, Е.И. Пассовтың қарым-қатынас технологиясын пайдалануды қарастырады;</li> <li>- дыбысты күшейту аппаратурасын кеңінен пайдалану, есту протездерін жасау және ерте жаста түзеу-педагогикалық көмек арқасында тиімді.</li> </ul>
---	---

Ымдау тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін зерттеу естімейтін балаларды оқытуға билингвистикалық тәсілді үйрену үшін мүмкіндіктерді ашты. Қазірі заманғы мамандар естімейтін баланың санасында екі тілдік жүйенің өзара қатынасын орнату қажеттігін дәлелдейді. Естімейтін балалардың ымдау және сөйлеу тілін қандай да бір белгі тұрғысынан ғана емес, яғни үстіртін қабылдап қана қоймай, ымдау мәнін аса терең деңгейде пайымдауы маңызды.

Ымдау тілін қолданудың орындылығы сензитивтік кезеңде тілдік қызметті қалыптастыруды анықтайды. Осының арқасында естімейтін баланың психикалық дамуы нормативтік дамудың заңдылықтарына және әсер етудің биологиялық және әлеуметтік факторларының қатынасына байланысты өтеді.

Бастапқы сатыда ымдау тілін дамыту экспрессивтік-бет қимылы және пәндік-әрекет етуші тілдесу құралы негізінде туындайды. Тілдесуде өсіп бара жатқан қажеттілікті сезіне және өз тілегін білдіре отырып, естімейтін бала бет қимылымен үйлескен табиғи ымға сүйенеді. Ол көрсету ымдарын, содан кейін пәндер арасындағы қатынасты көрсететін, оқиғаны драмаландыратын және т.б. әрекеттерді ұқсататын ымдарды пайдаланады. [19].

Ғылым көзқарас тұрғысынан ымдау тілінің нейропсихологиялық процестері сөздік тілді қалыптастыру тетігі бойынша бас миының сол жартысы оқшауланады [20]. Сөздік тіл сияқты ымдау тілі қарым-қатынастық қызметтің сөзге дейінгі сатысында онтогенезде қалыптасады, онда тілді дамытудың алғы шарттары құрылады: ересек адаммен сезімдік-тұлғалық тілдесу қалыптасады, оның сөзін түсіну дамиды, өз тілін құру және т.б. ба-сталады.

Еститін баланың алғашқы сөздері мен бір сөздік айтулар пайда болғанына ұқсас естімейтін баланың да алғашқы ымдары және бір ымдық айтула-

ры пайда болуының нейрпсихологиялық сипаты дәлелденген. Еститін баланың затты сөзбен білдіретіні сияқты естімейтін бала әрбір зат, әрекет немесе құбылысқа ымды белгілейді. Естімейтін бала ымдардың таныс кескіндемесін оларды күрделі ымдарда ауыстыруға әрекет еткен кезде қате пайдалануы мүмкін. Бұл процесс дыбыстарды еститін баланың белгілі бір сөздерде бір дыбысты басқалармен білместіктен немесе істей білмеуінен қоршаған адамдардың сөзді қабылдауын қиындата ауыстырғанда дыбыстарды қалыптастыру процесіне ұқсас жүреді. Еститін баланың сөзді бастапқы нысанда қолданатыны сияқты естімейтін баланың да ымды бастапқы нысанда пайдаланатынына, бірақ тәжірибе жинақтау шамасына қарай оларды сауатты түрде пайдаланылатыны да назар аудартады.

Ымдау тілін қазіргі заманда зерттеушілер В.З. Базоев Nancy K. Mellon, John K. Niparko, Christian Rathmann, Gaurav Mathur, Tom Humphries және басқалардың ерте жаста ымдау тілін пайдалануға арналған зерттеулеріне назар аударды. Бұл зерттеулерде естімейтін балаларды ымдау тіліне оқыту ертерек басталғанда табыстырақ болатынын көрсетті. [2].

Чаушьян Н.А. естімейтін балаға және оның отбасына ерте көмек көрсетудің бағдарламасын құру және дамыту қажеттігін атап айтады. Оның пікірі бойынша өмір сүрудің алғашқы жылдары ымдау тілін пайдалану естімейтін баланың нормативтік дамуына ықпал етеді. [21].

А.Г. Геранкин, Г.Л. Зайцев, S.Prilwitz және басқалардың зерттеулерінде естімейтін баланың ымдау тілін игеруде көзбен қабылдаудың орнын толтыру мәні атап өтіледі. Естімейтін бала ымдау тілінде берілген ақпаратты жақсы қабылдайды және қайта өңдейді. Көре қабылдау арқылы ол қоршаған орта туралы өз білімін толықтырады. Ымдау негізінде қалыптастырылған білім іргелі және саналы болып табылады. Сурдопедагог көріп қабылдауды дамыту әдістемесін сауатты пайдаланғанда, естімейтін бала алынған білім арасындағы мәндік байланысты белгілейді және бұл білімді түрлі жағдайда қолданады. [22]. Оның көріп қабылдауының, о.і. ерін, бет қозғалысының қимылы және серіктесінің тілдесу, жағдайды өзгерту бойынша ымдарының нәзіктігі және сарамаланғандығы жетілдіріледі.

Белгілі бір сатыда және жеке тәртіппен бала ымдау тілін игере отырып, екінші тілді – сөздік (немесе жазбаша) тілді игеру қажеттілігін сезіне бастайды. Әдетте өмірінің 10-12 жылдарында туындайтын бұл қажеттілік оның қоршаған адамдармен тілдесу білімін кеңейтуге және белсендіруге ұмтылу аясында қалыптасады. Естімейтін бала ауызша және жазбаша пікірлерді құру кезінде лингвистикалық заңдылықтарды тасымалдауды өзі байқамай іске асыра отырып, ымдау тілінің заңдылығына сүйенеді.

Швед лингвистика докторы К.Шонстромның идеясы аса назар аударуға тұрарлық, ол естімейтін бала сауатты игеру үшін ымдау тілін, о.і. жазбаша нысанда игеруге тиіс дейді. Және сөздікті үйренудің мынадай сызбасын ұсына отырып, мектеп пәнін ымдау тілі мен жазбаша тілдерді тығыз өзара байланы-



стыра отырып, игеруге ұсыныс жасайды: суретті көрсету + ымдарды көрсету + дактильдеу + оқу. Мұндай сызба арқасында бала билингвистикалық білім алады және тілдік, танымдық және әлеуметтік салаларда оң нәтижелерге жетеді [23].

Ымдау тілінің даму процесінде естімейтін балалардың сезімдік тәжірибесін байыту, сезім мәдениетіне тәрбиелеу үшін жағымды жағдай жасалады. Балалардың мәнерлі қозғалысының, сезімдік қобалжуларының үйлесімділігі және алуан түрлілігі байқалады, сезім күйінің себептерін анықтай білуі, оларды етістікке айналдыру (вербалдау) дамиды, дұрыс сезімдік назар аудару және сезім саласын өздігінен реттеу дағдылары жетілдіріледі. Бұдан басқа ымдау тілінің арқасында естімейтін баланың жеке тұлғасы қалыптасады, оның өзін бағалауы және қоршаған ортаға негізгі сенімі орнығады. [24].

В. Петшак ымдау тілінің басқа адамдардың сезім күйін дұрыс түсіну үшін ғана емес сезім күйін сипаттаудың тілдік тәсілдерін игеру үшін де жағымды мәні бар екенін атап өтеді. Балаларды ымдау негізінде отбасында тәрбиелеу балалардың сезімдік тәжірибесінің баюын қамтамасыз етеді, ал еститіндердің отбасындағы естімейтін балалардың сезімі жеткіліксіз дамиды екен. [25]. Осылайша ымдау тілін қолдаудың теориялық негіздемесі естімейтін балалардың толыққанды дамуы үшін оның педагогикалық тиімділігі мен тәжірибелік мәнділігін көрсетті. Ымдау тілі:

- сензитивтік кезеңде тілдік қызметті құрастыруға мүмкіндік береді;
- оқу және тілдік материалды игеруге кепілдік береді;
- сөздік тілді қатар игеру үшін негіз құрайды;
- жазба тілді игеру негізі болады.

Естімейтін балаларды оқытуда ымдау тілін пайдалану:

- қарым-қатынас кедергісін алып тастайды;
- қоршаған дүние туралы толыққанды ақпарат алуға мүмкіндік береді;
- танымдық қызығушылығын арттырады;
- сабақтарға ынтасын арттырады;
- сөздік тілді меңгеруге көмектеседі.

## **2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЫМДАУ ТІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

### **2.1 Қазақстанда ымдау тілін қолданудың қазіргі заманғы тәсілдері**

Халықаралық тәжірибе шеңберінде есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың үш тәсілі кең тараған:

1) Орализм – ауызша тілге оқыту. Бұл тәсіл еститіндердің қоғамына біріктіруге ықпал етеді және есту қабілеті бұзылған балаларды жалпы білім беру ұйымдарына қосу кезінде қолданылады. Сурдотехника саласындағы қазіргі заманғы жетістіктер (сандық есту аппараттары), медицина (ерте диагностика, естуді жақсартатын операциялар, кохлеарлық имплантация) арқасында дамуда. Естімейтін балалардың жалпы және тілдік дамуының өзіндік түрі нақты теріске шығарылады. Ымдау тілі қолданылмайды.

2) Жалпы коммуникация – барлық тілдік құралдарды пайдалану: көріп және естіп-көріп қабылданатын ауызша тіл, жазбаша, дактильдік, ымдау тілі. Артикльдердің, грамматикалық түрлер мен жекелеген морфемаларды (сөз алды қосымшасын, жұрнақтарды және т.б.) белгілеу үшін арнайы әзірленген ымдар пайдаланылады.

Осы тәсілді жақтаушылар арасында жалпы коммуникация балалардың зиятының дамуына ықпал етеді, бірақ сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға кедергі етеді. Осыдан осы тәсілдің алуан түрлілігі - көріп және естіп-көріп қабылданауға сүйеніп, ауызша тілді оқытуға бағытталған субтотальдық коммуникация немесе коммуникативтік тәсіл деп аталатын. Естімейтін балалардың тілдік дамуының нормативтікке жақындауға бағдарланған. Ымдау тіліне көңіл аударылмайды.

3) Билингвизм – сөздік-ымдық қос тілділікті пайдалану, ол тілдік дамыту жолының бірі ретінде қарастырылады. Бұл естімейтін баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы, толыққанды білім алу, өз қажеттілігі мен қабілеттерін жүзеге асыру мүмкіндіктері үшін аса жағымды орта. Екі тіл де естімейтін және еститін мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасындағы қатынаста толық құқықты құрал ретінде болады.

Естімейтін балаларды оқыту тәсілін таңдауда көбіне ымдау тілінің заңдық мәртебесі анықталады (3-қосымша). Ымдау тілін мемлекет таныған жерде естімейтін балаларды оқыту жалпы коммуникациямен немесе билингв-

визммен іске асырылады және оның деңгейі ауызша әдіс артықшылығымен оқыту деңгейінен айтарлықтай жоғары.

Қазақстанда есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту ұзақ уақыттан бері арнайы білім берудің кеңестік жүйесінен жеткен коммуникативтік тәсілмен іске асырылады. Коммуникативтік тәсіл шеңберінде оқытылатын есту қабілеті бұзылған балалардың белгілі бір бөлігінің табыстарын мойындай отырғанмен де, осы тәсілдің мақсаты мен ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 28-бабының арасында анық қайшылық бар. 28-бап жоғарыда айтылғандай тұлғааралық қатынас құралы ретінде, естімейтін және нашар еститін балаларға арналған білім беру ұйымдарының оқыту бағдарламаларында ымдау тілін қолдануды бекітеді. Қазіргі заманғы тәсілдер көзқарасы тұрғысынан тұлғааралық қатынас құралы ретінде қолдану ымдау тілін естімейтін адамдардың ана тілі деп тануды және оны мемлекеттік қолдау бойынша бағдарламаны әзірлеу қажеттілігін білдіреді. Осыған байланысты естімейтін балаларды оқыту деңгейлі сараламалау шеңберінде сөздікпен үйлесімде ымдау тілінде жүзеге асырылуға тиіс.

Қазақстанның білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану стратегиясы екі бағытты қарастырады:

- 1) естімейтін балаларды ымдау тіліне ана тілі ретінде оқыту;
- 2) сөздік негізі бар естімейтін балаларды ымдау және сөздік-ымдау тіліне оқытуға ауыстыру.

Бұл бағыттар туралы 2.3 «Ымдау тілін арнайы (түзеу) мектебінде қолдану» бөлімінде айтылады, өйткені дәл мектепте білім беру деңгейінде ымдау тілін қолдану стратегиясын жүзеге асыру басталады.

Ымдау тілі жалпы есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың жалпы дидактикалық (ғылымилық, жүйелілік, теорияның тәжірибемен байланысы, орнықтылық, көрнекілік, қол жетімділік, түсінімділік, белсенділік, жеке тәсіл) және арнайы (түзеуге бағытталғандық, ғылымдар негізіне оқыту бірлігі, дыбысты қабылдауды қарқынды дамыту, пәндік-практикалық қызметке сүйену, тілдік қатынасты қарқындату) айқындамаларымен қолданылады, сондай-ақ:

- есту қабілеті бұзылған балаларға қатысты білім беру ұйымдарының нормативтік-құқықтық ұйғарымдарын орындау қажеттілігін қарастыратын заңдылық айқындамасымен;
- есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту процесінде ақпаратты қабылдауды есепке алу қажеттілігін талап ететін мақсаттылық айқындамасымен.

Ымдау тілін қолдану негізінде есту қабілеті бұзылған балаларды дамыту бойынша ғылыми-әдістемелік қағида, о.і:

- Л.С. Выготскийдің өзекті дамыту және жуықта дамыту аймағының деңгейі туралы қағидасы;

- Н. Занков, Д.Б. Эльконин, Ш. Амонашвилидің және т.б. гуманистік педагогика қағидалары;
- С.А. Зыковтың есту қабілеті бұзылған балаларды дамытуды қарқындату туралы қағидасы;
- Г.Л. Зайцева, Т.В. Розанова, В. Петшактың сөздік-ымдық екітілділік ерекшеліктері және «ым-сөз» байланыстарының екіжақты жүйесі туралы қағида;
- Т.А. Григорьеваның есту қабілеті бұзылған балалардың логикалық ойлауын дамыту туралы қағидасы.

Ымдау тілімен оқыту естімейтін балалардың лингвистикалық құзіреттіліген қалыптасуына бағытталуы тиіс. Ол әрбір баланың тілдік және танымдық даму деңгейі ескеріле отырып, сарамаланған негізде іске асырылады. Тілді және ойлануды дамыту құралы ретінде ымдау тілі естімейтін балалардың негізгі бөлігі үшін, ақыл-ойы кемістігі бар естімейтін балалар үшін – тұлғааралық қатынас ретінде қолданылады.

Нашар еститін балалар үшін, сондай-ақ кохлеарлық имплантациясы бар кейбір балалар үшін аудиокөрнекі және сурдотехникалық құралдарды пайдаланып, есту-көру және есту негізінде оқытудың қазіргі заманғы жүйесі ұсынылады.

Естімейтін және нашар еститін балаларды оқытуда ымдау тілінің орны 4-кестеде көрсетілген.

#### 4-кесте – Естімейтін және нашар еститін балаларды оқытуда ымдау тілінің орны

Тіл	Естімейтін балалар	Нашар еститін және кохлеарлық имплантациясы бар балалардың бір бөлігі
Ымдау	Бастауыш және орта сыныптарда оқытудың негізгі құралы, тұлғааралық қатынастың негізгі құралы	Оқытудың қосымша құралы және тұлғааралық қатынастың, сондай-ақ ресми сөз сөйлеу құралдарының бірі
Сөздік-ымдау	Жоғары сыныптарда, колледждерде, жоғары оқу орындарында оқытудың, сондай-ақ ресми сөз сөйлеудің негізгі құралы	
Сөздік-дактильдік	Сөздік тілді қалыптастыру кезіндегі көмекші құрал	
Сөздік		Оқытудың және еститіндермен қатынастың негізгі құралы

Халықаралық және отандық тәжірибеге сүйене отырып, есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуға ұсыныс жасалады:

а) мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде:

Білім беру ұйымының түрі, оқыту формалары	Оқыту әдістері
есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балалар бақшасында	жалпы коммуникацияда (ымдық, көру, есту-көру, сөздік-дактильдік негізде)
күрделі тіл бұзылысы бар балаларға арналған арнайы балалар бақшасында	нашар еститін балалар үшін есту-көру, есту негізінде
Жалпы түрдегі балалар бақшаларының арнайы топтарында	есту қабілеті бұзылған балалар үшін жалпы коммуникацияда (ымдық, көру, есту-көру, сөздік-дактильдік негізде)
Жалпы түрдегі балалар бақшаларының жай топтарында	нашар еститін балалар үшін есту-көру, сөздік-дактильдік негізде (арнайы топтар жоқ жекелеген аудандарда ересектермен байланыс болғанда естімейтін балалар үшін ымдау тілін қосымша қолдану мүмкін болады)

б) мектепте білім беру деңгейінде:

Білім беру ұйымының түрі, оқыту формалары	Оқыту әдістері
есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептердің бастауыш және негізгі сыныптарында	естімейтін оқушылар үшін жалпы коммуникацияда (ымдық, көру, есту-көру, сөздік-дактильдік негізде), нашар еститін оқушылар үшін, есту-көру негізінде
есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептердің жоғарғы сыныптарында	естімейтін оқушылар үшін билингвизммен (сөздік-ымдау негізде), нашар еститін оқушылар үшін есту-көрү және есту негізінде
есту қабілеті терең бұзылған балаларға арналған арнайы мектептерде	нашар еститін оқушылар үшін есту-көру және есту негізінде
жалпы түрдегі мектептердің арнайы сыныптарында	есту қабілеті бұзылған балалар үшін жалпы коммуникацияда (ымдау, сөздік-ымдау негізде)
жалпы түрдегі мектептердің жай сыныптарында	нашар еститін балалар үшін есту-көру және есту негізінде (арнайы топтар жоқ жекелеген аудандарда ересектермен байланыс болғанда естімейтін балалар үшін ымдау тілін қосымша қолдану мүмкін болады)

в) бастауыш және орта кәсіби білім деңгейінде:

Білім беру ұйымының түрі, оқыту формалары	Оқыту әдістері
колледждердің арнайы топтарында	естімейтін студенттер үшін сөздік-ымдау негізде және ымдау тілі аудармашысының қызметі негізінде
колледждердің жай топтарында	есту қабілеті бұзылған студенттер үшін сөздік-ымдау, есту-көру және есту негізінде

г) жоғары кәсіби білім деңгейінде:

Білім беру ұйымының түрі, оқыту формалары	Оқыту әдістері
жоғары оқу орындарының арнайы топтарында	естімейтін студенттер үшін сөздік-ымдау негізінде және ымдау тілі аудармашысының қызметі негізінде
жоғары оқу орындарының жай топтарында	есту қабілеті бұзылған студенттер үшін сөздік-ымдау, есту-көру және есту негізінде

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту тілін таңдау нұсқасы және оқыту сатысы балалардың жасына және тілді даму деңгейіне байланысты (5-кесте).

5-кесте – Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану нұсқалары

Білім беру ұйымдары	Ым-дау тілі	Билингвизм (сөздік-ымдау екі-тілділігі)	Ым-дау тілін аудару	Сөздік тіл (о.і. көру және есту-көру немесе сөздік-дактильдік негізде)
Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балалар бақшасы	+			+
Есту қабілеті терең бұзылған балаларға арналған балалар бақшасы				+
Жалпы түрдегі балалар бақшасының арнайы топтары	+			+
Жай топтар	+			+
Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп	+	+		+
Есту қабілеті терең бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп				+
Жалпы түрдегі мектептердің арнайы сыныптары	+	+		+

Жай сыныптар	+	+		+
Колледждің арнайы топтары		+	+	
Колледждің жай топтары		+		+
Жоғары оқу орындарының арнайы топтары		+	+	
Жоғары оқу орындарының жай топтары		+		+

Ымдау тілін қолдану процесінде білім беру ұйымдарында міндеттердің мынадай топтары шешіледі: білім беру; коммуникативтік; ақпараттық.

Білім беру міндеттері ымдау тілінде ғылым негіздерін оқыту процесінің мазмұнын, о.і. ымдау тілін ана тілі ретінде оқыту процесін анықтайды. Сабақ немесе жұмыстың нақты мақсатына жетуді қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік міндеттер ыммен пікір айту себебін қалыптастыруға бағытталған, ымдау тілінде қатынас жасау дағдыларын дамытады, естімейтін баланың ымдау қылығын реттейді.

Ақпараттық міндеттер ымдау тілінде ақпарат алудың қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Ымдау тілін меңгеру деңгейіне байланысты шешіледі. Деңгейі жоғары болған сайын ымдау тілінде берілген ақпаратқа қол жетімдірек болады.

Ымдау тілі мынадай кезеңде қолданылады:

- білім беру міндеттерін шешу үшін топта, сыныпта оқу жұмысы: жаңа түсініктерді қалыптастыру, сөздердің мәндерін түсіндіру, жаңа ақпаратты хабарлау, білімдерін тексеру, жеке жұмыс және т.б.;

- ақпараттық міндеттерді шешу үшін сыныптан тыс жұмыстар: ұжымдық іс-шаралар (ертеңгіліктер, кештер, лекциялар және т.б.), серуендер, спорттық іс-шаралар, жеке әңгімелесулер, балалар-жасөспірімдер кикілжіңдерін талқылау және т.б.. Педагогтар есту қабілеті бұзылған балалардың уайымы және күйзелісі, қайғысы мен қуанышын түсіну үшін ымдау тілін қолданады. Естімейтін балалар өз ойларын әркезде түсіндіре алмайды (6-кесте).

6-кесте – Оқу және сыныптан тыс жұмыста ымдау тілін қолдану

	Арнайы балалар бақшасы, арнайы топтар		Арнайы мектеп, арнайы топ						Колледждер (арнайы топ)		ЖОО (арнайы топ)	
			Бастауыш сыныптар		Орта сыныптар		Жоғары сыныптар					
	Ж	Б	Ж	Б	Ж	Б	Ж	Б	Ж	Б	Ж	Б
1. Сыныптағы оқу жұмысы												
жаңа түсініктерді қалыптастыру	+		+		+		+		+		+	

сөз мәнін түсіндіру	+		+		+		+		+		+		+
жаңа ақпаратты, оқу материалын хабарлау	+		+		+		+		+		+		+
білімдерін тексеру	+		+		+		+		+		+		+
жеке жұмыс	+		+		+		+		+		+		+
1. Сыныптан тыс жұмыс													
ұжымдық іс-шаралар (ертеңгіліктер, кештер, жиналыстар лекциялар дәрістер және т.б.)	+		+		+		+		+		+		+
серуендер	+		+		+		+		+		+		+
тәжірибе									+	+	+	+	+
спорттық іс-шаралар	+		+		+		+		+	+	+	+	+
жеке әңгімелесулер	+		+		+		+		+		+		+
балалар-жасөспірімдер кикілжіңдерін талқылау	+		+		+		+		+		+		+

Ескерту: Ж – ымдау тілі (ымдау тілін аударуды коса); Б – сөздік-ымдау тілі (билингвизм)

Ымдау тілін қолдану технологиясы коммуникативтік-қызметтік және грамматикалық тәсілдер негізінде естімейтін балаларды оқытуда ымдау тілін құруды қарастырады.

Коммуникативтік-қызметтік тәсіл бастауыш сыныпта-ақ белсенді жүзеге асырылады және мыналарды қарастырады:

- естімейтін балаларды қарым-қатынас жасауға ынталандыру;
- қызметтің әр түрін белсендіру;
- танымдық себептерін қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- түрлі жағдайда ымдық қылықты модельдеуге көмек көрсету;
- ымдау дайындығы деңгейін көтеру;
- грамматиканы оқыту тиімділігін көтеру;
- ымдау тілі мәдениетін дамыту.

Грамматикалық тәсіл артықшылықты болып табылады және тілді саналы үйренуді білдіреді. Ол жоғарғы сыныптарда естімейтін балалар жеткілікті дәрежеде тілдік нормаға сәйкес келетін деңгейде жүзеге асырылады [24].

Грамматикалық тәсіл ымдау және сөздік тілдің салыстырмалы талдауына құрылады және сөйлей білудің іс жүзінде жинақталуына ықпал етеді. Ымдау тілі екі тілдеде лингвистикалық құбылыстарды түсіндіру, салыстырмалы үйрену үшін пайдаланылады.



## 2.2 Ымдау тілін арнайы (түзеу) балалар бақшасында қолдану

Республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің (бұдан әрі – РПМПК) мәліметтері бойынша 2018 жылы арнайы балалар бақшаларында оқытуға есту қабілеті бұзылған 476 бала жіберілген, бұл 0 бастап 18 дейінгі жастағы осы санат балаларының әртүрлі оқыту нысаны бар түрлі білім беру ұйымдарына жіберілген 0 бастап 18 дейінгі жастағы осы санат балаларының жалпы санының 7% құрады.

Қазақстанда есту қабілеті бұзылған балаларға арналған 2 арнайы балалар бақшасы жұмыс істейді. Оларда ымдау тілін тәрбиелеу, оқыту және дамыту құралы ретінде мақсатты түрде қолдану жоқ. Балаларды арнайы оқыту сөздік-дактильдік негізде іске асырылады. Бұл таза ауызша әдіске негізделген дәстүрлі педагогикалық тәсіл. Онтогенезге, ерте есту, протездеу, ести қабылдауды қарқынды дамыту, айтуды қалыптастыруға және сөздік тілді дамытуға сәйкес есту-тілдік қалпына келтіруге баса назар аударылады. [26,27,28].

Түзеу процесінде ымдау тілі қолданылмайды. Естімейтін балаларға қандай да бір сұрақты немесе жағдайды түсіндіру талап етілгенде тек ұқсату, нұсқау ишарасы ғана пайдаланылады. Ымдау тілі естімейтін ата-аналармен қатынас жасау үшін және сөйлемейтін естімейтін балалармен қатынаста, көптеген ауыр бұзылулары бар балалармен жекелеген жағдайда қатынас жасау үшін қолданылады.

Арнайы балалар бақшасында түзеу құрамдасында «Ымдау тілі» деген жеке пән жоқ. Тиісінше оқу бағдарламалары, оқулықтар, әдістемелік нұсқаулықтар және т.б. жоқ.

Швеция, Дания, Финляндия, Франция, АҚШ сияқты және басқа елдердің дамудың ерте сатысында естімейтін балалардың сөздік-ымдық билингвизмін қалыптастыру бойынша халықаралық тәжірибесін назарға ала отырып, тілді дамыту сензитивтік кезеңді ескере отырып, есту қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту әр баланы есту-сөйлеуге дайындауға сүйеніп және түрлі тілдік құралдармен іске асырылуға тиіс: көре және ести-көре отырып, қабылданатын ауызша тіл, жазбаша, дактильдік, ымдау тілі. Мұнда сөйлеудің барлық түрлерінің оңтайлы байланысын белгілеу қажет. Бұл Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша «...сөйлеудің барлық түрлері бәсекелесті емес, естімейтін бала сөйлеу тілін меңгеруге жететін баспалдақтар» болатын жүйені құруға көмектеседі [13,29,30].

Естімейтін мектеп жасына дейінгі балалармен сөйлеу-ымдау тілін дамыту бойынша түзете оқу қызметі жүргізіледі. Тілдің сезімдік базасын құру негізі режимдік сәттер, тұрмыстық және ойындық жағдайлар болып табыла-

ды, олар полисенсорлық әдістермен міндетті түрде талқылануы тиіс. Сөзбен және ыммен танысу оларды түрлі коммуникативтік құрылымдарға қосу (тапсыру, өтініш және т.б.) әрекеттерді орындаумен, нақты заттарда (қасиетін, сапасын) зерттеумен және т.б. бір уақытта жүреді [31].

Тілдік материалды іріктеу тәрбиеші сурдопедагогпен бірге білім беру бағдарламасының жалпы сөздігі негізінде іске асырады. Кестелер түрінде берілген сөздік материал жалпылай, ауызша-дактильді оқылады және сөзбен немесе ыммен түсіндіріледі, оның көмегімен сөз мәнісі түсініледі. Оқытудың полисенсорлық әдістерінің арқасында естімейтін баланың сөздік қоры ғана кеңейіп қоймайды, лексикалық құрамы байып және сөздің грамматикалық құрылымы қалыптасып қана қоймайды, мұнымен қатар ойлау операциялары дамиды, көрнекі-бейнелік ойлау қалыптасады, оның қалыптасуына әдетте мектепті баланы оқытудың табысты болуы және сөздік-логикалық ойлауының дамуы да байланысты болады.

Сөздерді, фразаларды және ымдарды енгізудің бірізділігі, олардың лексикалық толықтырылуы оқыту сатысына, мектеп жасына дейінгілердің тілдік даму деңгейіне байланысты. Арнайы балалар бақшасында билингвизм қолданылмайды, бұл ерте жастағы естімейтін балаларды оқытуда жүйенің жоқтығымен түсіндіріледі.

Ымдау тілінің дамуы естімейтін баланың естімейтіндердің отбасындағы естімейтін балалармен өзара әрекетінде үлкен рөл атқарады. Естімейтіндердің отбасындағы естімейтін балалар ымдау тілін еркін меңгерген, танымдық даму деңгейі, мінез-құлқы дұрыстығымен және өздігінен әрекет етумен және пікірін айта білумен ерекшеленеді. Естімейтін ата-аналардың естімейтін балалары психикалық даму деңгейі бойынша жастық ерекшеліктеріне сәйкес дамиды. Олар топтағы басқа естімейтін балалардың дамуына ынталандырушы әсер етеді. А.Ю. Хохлова естімейтіндердің отбасындағы ата-аналарымен олар үшін табиғи ымдау тілінде қатынас жасайтын естімейтін балалардың еститін ата-аналардың отбасындағы естімейтін балаға қарағанда аса құрылымды және бай тәжірибесі (отбасында және өздігінен алған) бар екенін дәлелдеді. Естімейтіндердің отбасындағы естімейтін балалардың зияткерлік дамуы еститін ата-аналардың отбасындағы естімейтін балаға қарағанда жоғары [32].

Мектепке келген сәтте есту қабілеті бұзылған балалардың тілдік дамуындағы кереғарлық өте анық көрінеді. Осыған байланысты болашақтағы естімейтін бірінші сынып оқушысын мектепке дайындау кезінде бастапқы мүмкіндікпен теңдейқамтамасыз ету маңызды. Балалар бақшасында сөздік-дактильдік тілмен қатар ымдау тілінқолдану үшін жағдай жасау қажет.

## 2.3 Арнайы (түзеу) мектепте ымдау тілін қолдану

РПМПК мәліметтері бойынша 2018 жылы арнайы (түзеу) мектептерде оқытуға есту қабілеті бұзылған 2459 бала жіберілген, бұл әртүрлі оқыту нысаны бар түрлі білім беру ұйымдарына жіберілген 0 бастап 18 дейінгі жастағы осы санат балаларының жалпы санының 37% құрады.

Қазақстанда есту қабілеті бұзылған балаларға арналған 18 арнайы мектеп бар. Оларда оқыту сөздік негізде іске асырылады. Арнайы балалар бақшасындағыдай есту-сөздік дамытуға, естүпротездерін жасауға, естіп қабылдауды дамытуға, сөздік тілді айтуды және дамытуды қалыптастыруға баса назар аударылады.

Түзеудің құрамдас бөлігі ретіндегі ымдау тілі 4-ші сыныпта енгізіледі. ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген «Ымдау тілі» үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес пәннің негізгі мақсаты «нашар еститін оқушыларды тәрбиелеу, баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамыту, сөздік тілді және сөздік-логикалық ойлауды қалыптастыру негізінде ғылым негіздеріне оқыту» [33].

Оқу пәнінің міндеттері:

- оқушылардың білім, үйрену және дағдылану сапасын көтеру;
- ауызша тіл мен еріннен оқуды меңгеруін жеңілдету;
- ыммен бекіте отырып, тілдік материалды қабылдауды жақсарту;
- ақпаратты дәл және қайта жасау процестерінде баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға көмектесу;
- естімейтіндерге барлық пәндерді жеңіл, қызығушылықпен, үлкен көлемде игеруге мүмкіндік беру;
- билингвальдық түсінікті (әлемнің екітілділік көрінісін: сөздік және ымдық, қалыптастыру) қалыптастыруға ерекше назар аударылады;
- оқушыларды аса толық өмірлік ақпаратты қолжетімді нысанда алу есебінен ойлауға, өз ойын сөзбен білдіруге, ой-өрісін кеңейтуге үйрету.

«Ымдау тілі» пәнінің атына, мақсатына және міндеттеріне қарай сөздік тілі артықшылықпен қолданылады, ымдау тілін коммуникативтік ретінде мақсатты пайдалану және жүйелі желі жоқ.

«Ымдау тілі» пәнінің бастауыш сыныптарда жоқтығы 4-5 сыныптарда еститін де естімейтін де отбасыларының естімейтін балаларының ымдау тілін дамытуды теңестіруге мүмкіндік бермейді. Бірінші жағдайда отбасында ымдау тілі қатынас құралы ретінде қолданылмайды, ал екінші жағдайда - төмен деңгейде қолданылады, өйткені ата-аналардың өздері көбіне ымдау тілінде сауатты емес.

«Ымдау тілі» пәнінің 4-ші сыныпта енгізу кезінде естімейтін балалар ымдар сөздігінің шектеулігіне және ымдарды дұрыс пайдаланбауға, затпен,

құбылыспен, әрекетпен немесе жағдаймен ымдау тілін салыстыра білмеумен байланысты қиындықтарға кездеседі. Мектепте ымдау тілінің ортасы жоқ болған жағдайда ымдау тілінің сабақтары оқытудың бүкіл процесі бойы іс жүзінде оқу бағдарламасы шеңберінде ымдау сөздігін кеңейтуге алып келеді.

Белоруссияның бірегей тәжірибесін ескере отырып, есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектепте оқытудың ымдық жүйесі ұйымдастырылады, ол ымдау тілі арқылы үлгілік оқу жоспары шеңберінде оқу бағдарламаларын игеруді қарастырады [24]. Ол мыналардан тұрады:

- ымдау тілін лингвистикалық жүйе ретінде оқыту;
- ғылымдар негізін ымдау тілінде оқыту.

Ымдау тілін оқыту мақсаты:

- дайындық және бастауыш сыныптарында – естімейтін балалардың коммуникативтік қызметін дамыту;
- негізгі және жоғарғы сыныптарда – естімейтін балалардың лингвистикалық күзiреттелiгiн дамыту.

Ақыл-есі кем естімейтін балаларды оқыту мақсаты ымдау тілін тұлғааралық өзара әрекет құралы ретінде меңгеру болып табылады.

Ымдау тілін оқыту міндеттері:

- дайындық және бастауыш сыныптарында: ымдау сөздігін кеңейту, қоршаған орта туралы түсінікті ымдау тілі негізінде қалыптастыру, ымдар мен ымдау құрылымдарын – заттар мен қоршаған орта құбылыстарын белгілейтін лексиканы меңгеру үшін жағдай жасау;
- негізгі сыныптар: ымдау тілін сапалы салыстыра отырып дамыту (тілдің көпмәнділігін, лексикалық-семантикалық нұсқалылығын игеру), ымдау тілі грамматикасының элементтерімен танысу, ымдау тілі туралы бастапқы білімді белгілік жүйе ретінде қалыптастыру;
- жоғарғы сыныптарда: ресми немесе бейресми қатынаста ымдау тілін еркін меңгеру, лексикалық қорды, грамматикалық құрылымдарды, ымдарды орындау және бекіту техникасын байыту, ымдау тілінің мәдениетіне тәрбиелеу.

Естімейтін балаларды оқыту концепциясының әдістемелік негізі түзеу педагогикасындағы және арнайы психологиядағы белгілі қағидалар құрайды:

- тілдің нормада дамуының заңдылықтары туралы (А.Р. Лурия, М.М. Кольцова, Е.И. Исенина и др.);
- тіл мен сөздің бірлігі (бірақ тепе-теңдігі емес) туралы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия и др.);
- шет тіліне оқыту мәтінмінінде тілдік түсінік туралы (П.Я. Гальперин, Т.Н. Цветкова и др.);
- белгілік жүйе ретіндегі ымдау тілінің толыққандылығы, оның есту қабілеті бұзылған тұлғалардың эмоционалдық-танымдық дамуында

маңызды рөлі туралы (Г.Л. Зайцева, Т.А. Григорьева, И.К. Русакович және басқалары);

- естімейтін балалардың ымдау тілін меңгеру ерекшеліктері туралы (Е.И. Исенина, Т.А. Григорьева, И.К. Русакович және басқалары);

- есту қабілеті бірқалыпты бұзылған балалардың тілдік, сөздік және ымдау тілін меңгеруінде жалпы лингвистикалық заңдылықтары, сөздік-ымдық екітілділік ерекшелігі туралы (Г.Л. Зайцева, Т.В. Григорьева, И.К. Русакович және басқалары);

- құрылымдық лингвистика тұрғысынан ымдау тілін талдау айқындамалары туралы (Ю.Д. Апресян, Г.Л. Зайцева, У. Стоуки және басқалары);

- ымдау тілінде жай және күрделі пікірлердің өзіндік түрлері туралы (Г.Л. Зайцева, Т.П. Давиденко, В.А Паленный және басқалары).

Ымдау тіліне оқыту мазмұны коммуникативтік лингвистикалық құрамдардан тұрады.

Коммуникативтік құрама бөлік мыналардан тұрады:

- оқу материалдарында ымдау тілінің грамматикасы мен лексикасын пайымдау және қолдану;

- ымдау тілінде қатынас жасай білуді және дағдыларын қалыптастыру;

- БІТК дамыту.

Лингвистикалық құрама бөлік мыналардан тұрады:

- Ымдау тілі грамматикасы мен лексикасының ерекшеліктерін беру;

- Ымдап пікір айту үлгілері;

- Ымдау тіліндегі тақырып пен материал.

Ымдау тілін оқыту процесінде жоғары сыныптарда билингвистикалық тәсіл енгізіледі, ол келешекте жұмыс істеуге тиіс. Бұл тәсілде ымдау тілі сөздік тілді меңгеруде маңызды көмекші ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан ымдау тіліне оқыту ана тілінің әдістемелігіне құрылады, сөздік тілге оқыту – екінші тіл әдістемелігіне құрылады. «Ым-мән-сөз» тізбегі екі жақты байланысты соңына дамыта отырып құралады. Ымдау тілі мен сөздік тілді қатар оқыту билингвальдық түсінікті қалыптастырады, ол кезде бала белгілі тілдік материалда ымдық және тілдік пікірлерді салыстыруды, ымдау құрылымдарын сөздік тілге және керісінше аудару білуді дамытуға үйренеді.

И.К. Русаковичтің пікірі бойынша естімейтін бала дыбыстарды айтуға көңіл аударады, оған ымдау тілінде еркін түсіндіру қиынға түседі, сондай-ақ «ойлайтын», пайымдайтын, екі тілдік– сөздік және ымдау жүйесін талдайтын және салыстыратын болу қиын болып қалады. Бірақ бұл қажет. Бірқатар жағдайларда кейде синхронды ауызша және ымдау тілін біріктіре айту мүмкін емес, өйткені фраза құрылымы бұзылады, «гугл-аударма» болады [24].

Егер бала өзінің ымдау тілін ауызша тілмен сүйемелдейтін болса, қандай да бір дыбыстар немесе сөздерді айтады. Егер екі тілде грамматикалық заңдылықтарды салыстыру жүрсе, онда сөздік тілдің нақ жазбаша нысанын салыстырған орынды. Сондықтан, билингвизмнің дамуы жағдайында сөздік тілді меңгеруде тілдің жазбаша нысанына (түсіну және өндіру) баса назар аудару, синхронды аударма емес тізбектік аударма жасау керек.

Билингвистикалық тәсілдің артықшылығы:

- ымдау түсініктерін қалыптастыру – сөздік баламада білімдерді меңгеруді пропедевтикалау сияқты сөздер мәндерінің ұқсастықтарын;

- ымдар мен сөздердің, ымдық және сөздік пікірлердің салыстырмалы талдауы;

- ымдық құрылымдарды сөздікпен және керісінше аударма білуді дамыту;

- білім беру пәндері бойынша білімдерін тереңдету;

- арнайы мектепте үйрену үшін оқу пәні мен білім саласын кеңейту;

- педагогтар мен балалар арасындағы коммуникативтік кедергілерді жою;

- сабақтың эмоциональдық ахуалын және бүкіл білім беру процесін құру;

- естімейтін балаларды әлеуметтік бейімдеуді тереңдету;

- естімейтіндердің өзіндік ерекшеліктері мен мәдениетін сақтау.

Пропедевтикалық бола отырып, ымдау тілін оқыту ғылымдар негізін ымдау тілінде оқытуды айқындайды. Оқу материалын жақсырақ қабылдау және пайымдау, оқуға ынталандыруды жоғарылату үшін естімейтін балалар пәні түсініктерін ымдау тілінің құралдарымен, ал жоғарғы сыныптарда – сөздік баламаларын алдын ала игеруге тиіс. Бұл жерде оларға сондай-ақ арнайы әзірленген сөздік-ымдық сөздік көмектесе алуы мүмкін.

Ымдау аудармасының тәжірибеіне үлкен мән беріледі, ол билингвизм талаптарымен іске асырылады. Оқу мәтіндерімен жұмыс кезінде тілдік қиындықтарды еңсеру естімейтін балаларға жалпы білім берудің оқу пәндерінің мазмұнын игеруге көмектеседі [24].

## **2.4 Есту қабілеті бұзылған балаларды біріктіру жағдайында ымдау тілін қолдану**

РПМПК мәліметтері бойынша 2018 жылы жалпы білім беретін бала бақшалар мен мектептерге есту қабілеті бұзылған 3002 бала жіберілді, бұл 0 бастап 18 дейінгі жастағы осы санаттағы балалар әртүрлі оқу нысаны бар түрлі білім беру ұйымдарына жіберілген жалпы балалар санының 45,5% құрайды. Олардың ішінде 378 бала арнайы топқа және 2624 бала – жай топтар мен сыныптарға жіберілді. Соңғылардың ішінде балалардың тек 19%-на

түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Есту қабілеті бұзылған балалар санатынан 0 бастап 18 дейінгі жастағы 126 естімейтін балалар жай топтар мен сыныптарға оқуға жіберілді. Олардың ішінде 52%-на түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Есту қабілеті бұзылған біріктірілген балаларға көрсетілетін арнайы білім беру қызметтерінің тізбесі бірінші кезекте есту аппараттары мен кохлеарлық импланттармен қамтамасыз етуден және сурдопедагогпен, логопедпен жеке және топтық сабақтар өткізуден тұрады. Сабақтар естіп қабылдау және айтуды дамытумен үйлестіре отырып, сөздік тілді дамытуға бағытталған. Ымдау тілі іс жүзінде қолданылмаған.

Халықаралық тәжірибеге сілтеме жасай отырып, инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру үшін естімейтін баланың қайда және қандай мектепке баратынына байланыссыз ымдау тілінде оқытуға қол жеткізуі немесе ымдау тілінің аудармашысының көмегін алуы аса маңызды. Осыған орай Қазақстанда біріктірілген естімейтін балалар үшін ымдау тілі мектепке дейінгі арнайы топтарда және жалпы түрдегі мектептердің арнайы сыныптарында қолданылуы мүмкін. Бала тұратын ауданда мұндай жоқ болған жағдайда ол арнайы білім беру ұйымына жіберіледі немесе арнайы мектепте қашықтан оқыту қамтамасыз етіледі.

## **2.5 Ымдау тілін орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарында қолдану**

РПМПК мәліметтері бойынша 2018 жылы кәсіби-техникалық мектептер мен колледждерде оқытуға есту қабілеті бұзылған 155 жас жіберілді, бұл 0 бастап 18 дейінгі жастағы осы санаттағы балалар әртүрлі оқу нысаны бар түрлі білім беру ұйымдарына жіберілген жалпы балалар санының 2% 45, 5% құрайды. Олардың ішінде 49 естімейтін, 94 нашар еститін және кохлеарлық импланты бар 12 адам бар.

Есту қабілеті бұзылған жастарды оқыту іске асырылады:

- колледждер мен ЖОО-ның арнайы топтарында – сөздік-ымдық негізде және ымдау тілінің аудармашысы арқылы;
- колледждер мен ЖОО-ның жай топтарында – сөздік-ымдық, көру-есту және есту негізінде.

Сөздік-ымдық екітілділікті жеткілікті игермеген естімейтін студенттер ымдау тілінің аудармасымен қамтамасыз етіледі, ол оқыту тәсілінің бірі ретінде қарастырылады. Ымдау тілін аудару -бір жағынан естімейтін балалар мен жастар арасындағы өзіндік дәнекерші, екінші жағынан ымдау тілін меңгермеген сөйлейтін ересек адам арасындағы өзіндік дәнекерші. Ымдау тілінің аудармасын түсіну ымдау тілін меңгеру деңгейіне байланысты.

Сондықтан, аударма тілін аударуды арнайы дайындықтан өткен және тиісті сертификаты немесе дипломы бар маман жүзеге асыра алады.

Ымдау тілінің аудармасы қолданылады:

- айтылғанды дәл қабылдау үшін;
- айтылғанның мазмұнын түсіну үшін;
- көріп қабылдау деңгейі жеткіліксіз болғанда.

Колледждер мен жоғарғы оқу орындарындағы ымдау тілі:

- оқытушы пайдаланатын кәсіби тіл күрделілігінің жоғары деңгейімен және осы негізде кәсіби терминологиямен байланысты жаңа ымдарды әзірлеудегі қиындықтармен сипатталады;

- оқу пәндерінің көп түрлілігімен сипатталады.

Ымдау тілін аудару мынадай сабақтарды өткізу кезінде оқу жылы бойы бүкіл оқу процесін сүйемелдейді:

- естімейтін студенттердің топтарымен лекциялық және семинарлық сабақтар;

- оқытуды жекелендіру;
- мәдени-тәрбие сипатындағы іс-шаралар.

Студенттерге бүкіл оқу материалын түсіну және меңгеру маңызды, бұл ымдау тілімен аударуды қажет етеді. Студенттер үлкен теориялық білім көлемін, практикалық білімді игереді, болашақ мамандығына қатысты арнайы ымдарды біледі.

Ымдау тілімен аударуды пайдаланумен оқу сабақтарын ұйымдастыру технологиясы оқытушы мен аудармашы арасындағы тығыз ынтымақтастықтың болуын қарастырады. Ол былайша құрылады:

- оқытушы курстың оқу бағдарламасына және күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес студенттер үшін лекциялық материал дайындайды;

- оқытушы аудармашыға мазмұнымен алдын ала танысу үшін оқу материалын, оқу пәнін үйрену кезінде пайдаланылатын терминдерді белгілеу үшін жаңа ымдардың әзірленімін береді;

- оқытушы лекция материалын аудиторияға айтып жеткізеді, аудармашы мұнымен бір уақытта оны ымдау тіліне аударады;

- сабақ процесінде сұрақтар туындағанда аудармашы студенттердің сұрақтарын аударады, содан кейін оларға оқытушының жауаптарын және керісінше аударады.

Жай топтарда оқыту сурдотехникалық құралдарды пайдаланумен сөздік негізде іске асырылады. Оқытудың бұл түрі болашақ мамандықты таңдау және еңбек қызметін жоспарлау ауқымын кеңейтеді.



## 2.6 Педагогтар мен ата-аналарды ымдау тіліне оқыту

Қазақстанның болашақ сурдопедагогтарын дайындайтын жоғарғы оқу орындарында «Дактильдік-ымдау тілі» пәні 3 курста оқытылады, жалпы саны 135 оқу сағат. Олардың 15 сағаты дактильдік ымдау тілін меңгеру бойынша практикалық сабақтарға бөлінеді, бұл оқу уақытының 11% құрайды. Бұл дактильдік және ымдау тілі көмегімен қатынас жасай білуді және ымдау тіліне екіжақты аударудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру үшін өте жеткіліксіз.

Педагогтар мен ата-аналардың сөздік тілдің артықшылығынан ымдау тілін еркін меңгермеулері естімейтін балалардың сөздік те және ымдау түріндегі де тілі дамуының жеткіліксіз болуы себептерінің бірі болып табылады. Бұл ересектер мен балалар арасында өзара түсіністікке және өзара әрекетке жағымсыз әсерін тигізеді, бұл психологиялық және педагогикалық қиындықтарға алып келеді. Олар мынадай кездерде туындайды:

- жана тақырыпты үйрену, оқу тапсырмаларын орындау процесінде;
- оқудан тыс әрекет кезінде;
- отбасы ортасында, демалыста;
- қатынасу процесінде;
- мінез-құлық ережелері бұзылған кезде;
- эмоциональдық-тұлғалық және бала-ата-ана қатынастары саласында.

Мұғалімдер мен сурдопедагогтардың ымдау тілін пайдалануда аса кең тараған қателері кездеседі [24]:

- субъект-субъект қатынасын көрсеткенде («сізге айтып отырмын», «сіз маған айтып отырсыз», «сіздер бір біріңізге айтып отырсыздар» - ымымен «айтуды» көрсетеді; есімдіктерді пайдалану жағдайын сарамаламайды, мысалы, «біз», «екеуіміз», «үшеуіміз», «топпен» және т.б.);

- уақыттық қатынас, «оқыды», «оқып шықты», «оқып отырмын», «оқып шығамын» сияқты етістіктер түрінің мәні – ыммен бірдей көрсетіледі;

- ымдау тілінің көмегімен емес, дактильдік нұсқадағы сөзалды қосымшаларымен және т.б. кеңістіктік қатынас көрсетіледі.

Оқытудың ымдау жүйесін құру үшін сурдопедагогтар, мұғалімдер, тәрбиешілер және ата-аналардың ымдау тілімен қатынас жасай білулері және олардың ымдау тілі естімейтін балалар үшін үлгі екенін түсінулері аса маңызды. Оқу-тәрбие процесінде ымдау тілін еркін қолдана білу ересектерге оқу қызметін және кикілжің жағдайдағы тәртіпті реттеуге көмектеседі, өз кезегінде өзара қатынастың аса жоғары деңгейіне көтерілуге мүмкіндік бере отырып, ересек тұлғаның да баланың да жеке қасиетін ашуға көмектеседі.

Арнайы балалар бақшаларында және есту қабілеті бұзылған балаларға

арналған мектептерде жұмыс істейтін педагогтардың мынадай топтарына ымдау тілін міндетті түрде меңгеруге ұсыныс жасалады:

- сурдопедагтар мен сурдопсихологтар;
- бастауыш сынып мұғалімдері;
- мектеп пәндерінің мұғалімдері;
- тәрбиешілер;
- меңгерушілер, директорлар мен олардың орынбасарлары;
- әдіскерлер.

Ымдау тілінің мұғаліміне ерекше талаптар қойылады:

- ымдау тілі саласында жоғары білімді болуға тиіс;
- тиісті лингвистикалық дайындығы болуға тиіс;
- ымдау тілінің баламасыз (аударылмайтын) лексикасын, ымдау тілімен пікір айту құрылымының ерекшеліктерін білуге тиіс;
- ымдау тіліне оқыту әдістемесі мен технологиясын, сөздік-ымдық екітілділікті меңгеруге тиіс;
- естімейтін баланың ойын түсінуге және дұрыс көрсетуге және өз ойын ымдау тілі түрінде көрсетуге тиіс;
- мәнерлі көп тілдік құралдардың барлығын (ымдау тілі, ұқсататын ымдау тілі, ауызша, жазбаша және дактильдік тіл) меңгеруге, оларды оқытудың түрлі сатысында сауатты үйлестіруге тиіс [24].

Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін көтерудің маңызды факторы ымдау тілімен қатынас жасайтын естімейтін мұғалімдер мен оқушылардың педагогикалық процеске қатысуы болып қарастырылады. Естімейтін балалар тілді табиғи түрде меңгереді, естімейтін балаларды жеңіл түсінуге қабілетті. Өз үлгілерімен олар есту қабілеті бұзылған балаларға арналған тәртіп, өзін жеке тұлға ретінде сәйкестендіру моделін көрсетеді.

Беларусь Республикасында және біліктілікті көтеру институтында «Ымдау тілі» мамандығы бойынша мамандарды қайта дайындау тәжірибесі үлкен қызығушылық туындатады. Кәсіби білім берудің міндетті талабы жалпы білім беретін сабақтар құрылымында және түзеу құрамдасы сабақтарында оқу пәні ретінде ымдау тілін арнайы оқуды ұйымдастыратын мұғалім құзіретін қалыптастыру болып табылады. Мұндай құзіретті қалыптастыру мақсатында мамандарды дайындау мазмұнына тікелей және кері өздік-ымдау тілін меңгеруді қамтамасыз ететін «Ымдау тілінің техникасы» негізгі курсы және ымдау тілі саласында лингвистикалық және әдістемелік құзіреттілікті және есту қабілеті бұзылған балаларға білім беру жүйесінде оны оқытуды қамтамасыз ететін «Оқыту әдістемесімен ымдау тілі» курсы енгізілген [34].

Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолданудың тиімділігі көбінесе ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуына байланысты. Осыған байланысты ата-аналардың өз баласын дамытуда, тәрбиелеуде және оқытуда ымдау тілініңқұндылығын түсіне білулері аса маңызды.

Есту қабілеті бұзылған ата-аналардың екі тобы ерекшеленеді:

- 1) естімейтін ата-аналар;
- 2) еститін ата-аналар.

Естімейтін ата-аналар естімейтін балалар өсіп келе жатқан отбасында ата-аналық міндеттерін орындау үлгісі болып табылады. Үйде бала пайда болған сәттен бастап естімейтін ата-аналар сөйлейтін отбасындағы қатынастың ауызша түрінен ерекшеленбейтін ымдау тілімен қатынас жасаудың табиғи ортасын құрады. Естімейтін ата-аналардың естімейтін балалары жас ерекшеліктеріне сәйкес дамиды.

Естімейтін ата-аналарға ымдау тілі аудармашысының қызметін қолдану мүмкіндігі беріледі, ол педагогтар мен олардың арасындағы дәнекерші ретінде болады.

Естімейтін баламен эмоционалдық өзара әрекет жасау үшін ата-аналар ымдау тілін меңгеруге тиіс. Осы мақсатпен олар естімейтін балаларға ерте түзеу көмегін көрсету бағдарламасына белсенді қатысады, онда арнайы ұйымдастырылған курстарда ымдау тілін меңгеру қарастырылған.

## **2.7 Үмдау тілінің аудармашыларын дайындау**

Қазақстанда ымдау тілінің аудармашыларын дайындау, қайта дайындау және біліктіліктерін көтеру ҚР «Қазақстан Республикасына мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңын жүзеге асыру шеңберінде іске асырылады. Алайда мұндай мамандардың жетіспеушілігі дайындау жүйесінің және оқу процесін тиісті қамтамасыз етудің жоқтығынан аса анық білінеді. Көбіне кәсіби емес мамандар өткізетін білім басқармасы органдарының қызметкерлері мен түрлі ұйымдардың педагогтарына арналған көлемі 72 сағат ымдау тілінің курсы біржолғы сипатта болады және әрқашан тиісті, тиімді білім бермейді, өйткені олардың мазмұны әрі қарай іс жүзінде пысықталмайтын белгілі бір ымдарды меңгерумен шектеледі.

Білікті ымдау тілі аудармашыларын дайындау функциясын сөйлейтін сурдопедагогтар бар жоғарғы оқу орындары бірінің алуына болады, мысалы Абай атындағы ҚазҰПУ немесе Е. Букетов атындағы ҚарМУ.

Үмдау тілі аудармашысы бола алады:

- «Сурдопедагогика» мамандығы бойынша түзеу педагогикасы факультетінде оқыған дипломды маман;
- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқуден өткен кез келген адам (көбіне естімейтін ата-аналар отбасынан).

Үмдау тілі аудармашысының функциясына кіреді:

- ымдау тілі және дактилология арқылы оқу процесінде және оқудан тыс әрекет кезінде ауызша тілді синхронды аудару;
- оқу процесінде және оқудан тыс әрекет кезінде ымдау тілін ауызша тілге кері аудару;

- оқу-тәрбие процесінде естімейтін балаларды тьюторлық сүйемелдеу;

- оқу-тәрбие процесінде естімейтін ата-аналарды сүйемелдеу (тәрбиешілермен, мұғалімдермен өзара әрекет, ата-аналар жиналысына қатысу және т.б.);

- естімейтін студенттердің сабаққа қатысуын және үлгерімін, олардың өндірістік практиканы орындауын бақылау, белгіленген құжаттаманы жүргізу;

- өндірістік бөлімшелердің басшыларымен жұмыс естімейтін және нашар еститін практиканттарды еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқыту, оларға өндірістік тапсырмаларды түсіндіру және т.б. кезінде нұсқамалықты аудару.

Ымдау тілі аудармашысы білуге тиіс:

- ымдау тілі мен дактилологияны;
- ымдау тілі мен дактилологияны қолдану әдістемесін;
- қазақ және орыс тілін;
- сурдопедагогика мен сурдопсихология негіздерін;
- психологиялық қатынас негіздерін;

орындай білуге тиіс:

- ымдау тілін тікелей және кері аударуды;
- оқу материалын сауатты жеткізуді;
- сезімді көзбен, бет қимылымен және пантомимикамен жеткізуді;
- балалармен және ересектермен байланысты жақсартуды, орнатуды;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде табыстарға жетуді;
- жылдам және дұрыс шешім қабылдауды;
- бірнеше балаға бір уақытта көңіл бөлуді.

Ымдау тілі аудармашысы:

- педагогикалық әдепті (этикетті) сақтауға;

- педагогикалық және психологиялық білімін, сөздік және ымдық қорын үнемі кеңейтуге, дербес білім алумен айналасуға, өзінің кәсіби деңгейін көтеруге тиіс;

- дене және психикалық төзімді болуға;
- қолдары қозғалысты және икемді болуға, артикуляциясы анық болуға;
- дамыған вербальдық (сөздік) жадысы болуға тиіс.

### **3 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЫМДАУ ТІЛІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛАПТАРЫ**

Естімейтін адамдардың құқықтарын жүзеге асыру нысаны ретіндегі ымдау тілін қолдану стратегиясын жүзеге асыру – бағдарламаларды әзірлеуге және орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар ретінде қарастырылатын іс-шараларды ұйымдастырудың ұзақ және мақсатты процесі.

Стратегияның негізгі құрамы:

- естімейтін балаларды дамыту мен оқытуда және процеске тартуда ымдау тілінің мәнділігін түсінуге қол жеткізу үшін педагогтар назарына мақсаттар мен жоспарларды жеткізу;
- білім беру ұйымдары басшыларының мақсатты нұсқаулар түрінде жоспарды құрастыруы;
- бекітілген функцияларға сәйкес басшылық деңгейінде міндеттерді шешу.

Қазақстанда естімейтін балаларды оқытудың ымдық жүйесін ұйымдастыру үшін төмендегілерді құру талап етіледі:

мыналарды қарастыратын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету:

- ымдау тілін тұлғааралық қатынас ретінде және сөздік тілмен қатар оқыту құралы ретінде тану;
- естімейтін адамдардың өзіндік тілдік ерекшелігін өз мәдениетімен, тарихымен, дәстүрімен нығайту;
- ымдау тілін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептегі пәндердің бірі ретінде қосу;
- «Естімейтіндердің тарихы мен мәдениеті» пәнін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептегі білім беру мазмұнына енгізу;
- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептерде «Ымдау тілі» пәні бойынша оқу сағаттары санын ұлғайту;
- «5В 050100 - Дефектология, сурдопедагогика» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарында «Дактильдік-ымдық тіл» пәні бойынша оқу сағаттары санын ұлғайту;

2) бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамы:

- Ерте кешендік көмек шеңберінде естімейтін балаларды ымдау тіліне оқыту бағдарламасын әзірлеу;
- Билингвальдық білім тұрғысынан 1-10 сыныптардың естімейтін

- оқушыларына арналған ымдау тілі бойынша оқу бағдарламасын әзірлеу;
- 1 -10 сыныптардың естімейтін оқушыларына арналған ымдау тілі бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік нұсқаулықтар және дидактикалық материалдар);
  - естімейтін балалар үшін екінші тіл ретінде орыс және қазақ тілдерінің оқулықтарын әзірлеу.
  - ымдау тілін оқытудың дидактикалық негіздерін әзірлеу;
  - естімейтін балаларды оқытуда билингвистикалық тәсілді әзірлеу;
  - «5В 050100 - Дефектология, сурдопедагогика» мамандығы бойынша студенттер үшін билингвистикалық тәсіл айқындамалары негізінде «Дактильдік-ымдық тіл» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру;
  - сурдопедагог-студенттер, оқытушылар, мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар үшін ымдау тілін үйрену бойынша оқу құралдарын, бейнекурстар әзірлеу;
  - мұғалімдер, тәрбиешілер, студенттер, жоғарғы оқу орындарының сурдопедагогтарды дайындау және қайта дайындау курстарының оқытушылары, ата-аналар және т.с.с. үшін оқу-әдістемелік материалдар дайындау;
- 3) ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету мынаны білдіреді:
- қазақ ымдау тілі, естімейтін балалардың билингвальдық білім беру негіздемелері бойынша лингвистикалық зерттеулер жүргізу;
  - қазақ ымдау тілінің, сөздік-ымдық тіл сөздігін жасау;
  - естімейтін балаларды сөздік-ымдық оқыту бойынша екі тілділік және ұйымдастырушылық-әдістемелік оқытудың ғылыми-теориялық және ұйымдастыру-әдістемелік негіздерін әзірлеу;
  - білім беру ұйымдарында ымдау тілін оқыту сапасына мониторинг жүргізу;
- 4) психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету құрамы:
- естімейтін балалардың өзіндік тілдік дамуын және деңгейлі сарамалау ескеріле отырып, ымдау тіліне оқыту;
  - естімейтін балалармен өзара әрекет ету процесінде ымдау тілін қолдану;
  - ымдау тіліне оқытуда педагогикалық технологияларды қолдану;
  - білім беру ұйымына ата-аналарды ымдау тілі ортасына қосу.
- 5) ақпараттық қамтамасыз ету төмендегілерді қарастырады:
- ымдау тіліне, ымдау тілінің аудармашысы қызметіне еркін қол жеткізу;
  - ымдау тілін оқыту, тәрбиелеу, дамыту және қолдану мәселелеріне арналған құқықтық, нормативтік-құқықтық материалдар, еңбектер, әзірленімдер, жарияланымдар, интернет-ресурстардың деректер базасын құру;

- естімейтін балаларды ымдау тіліне және сөздік-ымдық екі тілділікке республикалық, облыстық және аудандық (қалалық) ауқым деңгейінде оқыту проблемалары бойынша іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, тренинг-тер, дөңгелек үстелдер және т.б.) ұйымдастыру;

б) кадрмен қамтамасыз ету мыналардан тұрады:

- естімейтін балаларды билингвистикалық тәсіл жағдайында оқыту үшін сурдопедагогтарды дайындаудың жаңа жүйесін құру;

- ымдау тілін меңгеру бойынша арнайы балалар бақшасы мен мектептердің, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және оңалту орталықтарының педагогтарын деңгейлі түрде арнайы дайындау;

- біліктілікті көтеру және ымдау тілі мұғалімдерін тағылымдамадан өткізу курстары;

- ымдау тілінің аудармашыларын жоғары ғылыми және ұйымдастырушылық деңгейде дайындау;

- педагогтар жұмысына естімейтін түлектер қатарынан тұлғаларды тарту;

7) материалдық-техникалық қамтамасыз ету құрамы:

- білім беру кеңістігінде ымдау ортасын құру;

- кітап қоры (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар, сөздіктер, көрсету материалдары, әліппе және т.б.);

- мультимедиялық білім беру жүйелері, электрондық оқулықтар және т.б.;

- компьютерлер (ноутбуктар) және оргтехника (принтер, сканер және т.б.);

- интернет.

Жағдай жасау бойынша ұсыныстар:

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балалар бақшасы мен мектептің басшылары:

- ымдау тілін меңгеруге;

- оқу-тәрбиелеу жұмысында сөздік және ымдау тілін теңгерімді қолдануға ұмтылуға;

- ымдау тіліне және сөздік-ымдық екі тілділікке оң көзқарасын көрсетуге, өз ұжымын ынталандыруға;

- кадрларды іріктеу кезінде ымдау тілін білуін есепке алуға;

- педагогтарды және олардың балаларды оқыту және тәрбиелеу процесінде ымдау тілін жүзеге асыруда кәсіби дамуына қолдау көрсетуге;

- ымдау тілін жүзеге асыруда педагогтар, ата-аналар және естімейтін балалар арасында ынтымақтастыққа қолдау көрсетуге тиіс;

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балалар бақшасы мен мектептің педагогтары:

- ымдау тілін меңгеруге ұмтылуға;

- ымдау тілін оқытудың педагогикалық технологиясын белсенді қабылдауға;

- ымдау тілі білімін және ымдау тілін оқыту әдістемесін және ымдау тілінде жетілдіру бойынша біліктілігін үнемі көтеруге;

- ымдау және сөздік-ымдау екі тілділікке оң көзқарасын көрсетуге, естімейтін балалардың еститін ата-аналарын ынталандыруға тиіс;

Ата-аналар:

- ымдау тілін отбасында қолдануға, өзінің ымдау тіліне оң көзқарасын көрсетуге;

- ымдау тілін жүзеге асыруда білім беру ұйымының басшылары мен педагогтары арасында ынтымақтастыққа қолдау көрсетуге тиіс.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, ТП ҰҒПО:

- білім берудің барлық деңгейлерінде ымдау тіліне оқыту жүйесін әзірлеуге және енгізуге;

- ымдау және сөздік-ымдау тілдеріне оқыту процесіне лингвистикалық зерттеу жүргізуге және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу үшін ғылыми зертхана құруға;

- ымдау тілін қолдану мәселелері бойынша ғылыми сипаттағы іс-шараларға қатысуға;

- қазақ саңыраулар қоғамымен ынтымақтастықта болуға тиіс.

Естімейтін балаларға білім беру сапасы ымдау тілімен, оны оқу-тәрбиелеу процесінде және күнделікті өмірде қолданумен, сурдопедагогтар мен ымдау тілінің аудармашыларын дайындаумен тығыз байланысты.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балалар бақшасы мен мектептерде ұзақ уақыт бойы оқытудың сөздік нысаны қолданылады, оның мақсаты естіп қабылдауды және ауызша тілді дамыту негізінде білім берудің мемлекеттік стандартын игеру болып табылады. Осының салдарынан жекелеген жағымды жағдайлармен қатар естімейтін азаматтардың сауатты оқи және жаза, өз ойын жеткізе, жағдайды дұрыс қабылдай және талдай және т.б. білмейтін тұтас ұрпағы бар. Есту қабілеті бұзылған есейген балалар сурдопедагогтардың, мұғалімдердің және тәрбиешілердің күш салғанына қарамастан өзара ымдау тілімен қатынас жасайды. Бұл ретте ымдау тілін пайдалану кезінде сауатсыздық әсерінен қатынас деңгейін төмен деңгей ретінде сипаттауға болады. Инклюзивтік білім беру жағдайында ымдау тілінің рөлі өсіп келеді, өйткені ымдау тілінде оқыту есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы білім алу қажеттігіне жауап береді. Халықаралық тәжірибе сөздік-ымдық екі тілділікті меңгеру деңгейі жоғарылаған сайын естімейтін балалардың білім алу дәрежесінің жоғарылап келе жатқанын көрсетеді.

Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану бойынша ұсыныстар:

- ымдау тілін қолдану стратегиясын жүзеге асыру және қолдану бойынша іс-шаралардың перспективалық жоспарын әзірлеу;
- кәсіби дайындыққа мониторинг жүргізу және есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың ымдау жүйесін құру бойынша ымдау тілінің мамандарын ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, оқу-тәрбиелеу процесінде сөздік және ымдау тілінің ара қатынасын оңтайлау бағдарламасын әзірлеу;
- 1-10 сыныптардың есту қабілеті бұзылған оқушыларына арналған билингвистикалық негіздегі (ана тілі ретінде ымдау тілі және қазақ (орыс) тілі екінші тіл ретінде) оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу қызметін ұйымдастыру;
- оқу-тәрбие жұмысында ымдау тілін меңгеру бойынша педагогтарды кәсіби дайындауды, қайта дайындауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- диплом немесе мемлекеттік үлгідегі сертификатбере отырып, ымдау тілі аудармашыларын жоғары ғылыми және ұйымдастыру деңгейінде дайындау.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

- 1 БҰҰ мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/disability.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml); <http://ombudsmanspb.ru/files/files/OON02site.pdf>
- 2 Базоев В.З. Билингвизм және саңырауларға білім беру // <https://cyberleninka.ru/article/n/bilingvizm-i-obrazovanie-gluhih-sovremennye-tendentsii>
- 3 Русакович И.К. Белгілі жүйе ретіндегі ымдау тілі. Ымдау тілінің лингвистикалық ерекшеліктері // Ымдау тілін дамыту әдістемесі: электр. оқу-әдістемелік құрал / Т.А. Григорьева, И.К. Русакович. – Минск: БМПУ ОБО. – 2016. – С.3-16.
- 4 Базоев, З.З., Паленный В.А. Жым-жырт әлемінің адамы. – М: БКОА-кадемкнига, 2000. – 812 с.
- 5 Стоуки У. Ымдау тілінің құрылымы (1965 ж.) // <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 6 Зайцева Г.Л. Ымдау тілі. Дактилология: ЖОО арналған оқулық. – М.: Владос, 2000. – 192 с.
- 7 Ымдау тілдері // <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 8 Зайцева Г.Л. Балаларды не үшін ымдау тіліне оқыту керек // Дефектология. – 1995. - №2. – С.3-8.
- 9 Зайцева Г. Л. Саңыраулардың ымдау тілімен қатынас жасау жүйесінің әдістері // Дефектология. – 1987. - №1.
- 10 Марциновская, Е.Н. Тілдің дактильдік нысаны және оның ауызша және жазбаша тілмен өзара байланысы // Саңырау балалар психологиясы. – М., 1971. – с.248-254.
- 11 Флери В.И. «Жай-күйіне және өздерінің табиғатына тән білім беру тәсілдеріне қатысты қарастырылатын саңырау-мылқаулар». – СПб., 1835. – С.110-237 // <https://surdocentr.ru/publikatsii/o-yazyke-zhestov-i-russkom-yazyke/142-v-fljori-glukhonemye-rassmatrivaemye-v-otnoshenii-k-ikh-sostoyaniyu-i-sposobam-obrazovaniya-samum-svoystvennym-ikh-prirode>
- 12 Басова А.Г., Егоров С.Ф. Сурдопедагогика тарихы: жоо арналған оқу құралы. – М.: Просвещение, 1984. – 295 с.
- 13 Выготский Л.С. Саңыраулар тілін дамыту туралы (дефектология тарихынан) // Дефектология. – 1994. - №4. – С.88-90.
- 14 Басилова Т.А. О Соколянский және оның саңыраулар мен соқыр-мылқау балаларды оқыту әдісі, Выготскийды осылай қызықтырған // Мәдени-тарихи психология / В.П. Зинченко ред. – 2006. – № 3. – С.8-16.

15 Зайцева Г.Л. есту қабілетінің кемшіліктері бар балаларға білім берудегі қазіргі заманғы ғылыми тәсілдер: негізгі ойлар мен перспективалар //Дефектология. – 1999. – № 5. – С. 52–70.

16 Ымдау тілі үшін: мақалалар жинағы /Құрастырған А.А. Комарова, В.А. Паленный. – М.: ВОГ, 2014. – 568 с.

17 Саңыраулардың лингвистикалық құқықтары: мақалалар жинағы / Құрастырған А.А. Комарова, Н.А. Чаушьян. – М., 2008. – 513 с.

18 Зайцева Г.Л.Саңыраулардың сөздік-дактильдік екі тілділігі //Дефектология. – 1992. – №4.

19 Томаселло М. Ерте жастағы балалардың ымдары //http://vneshnii-oblik.ru/psychologiya/gesty-detei.html

20 Қол ми туралы нені көрсетеді. Poizner, H., Klima, E.S., & Bellugi, U. Кембридж, Массачусетс: MIT Press/Bradford кітаптары, 1987.

21 Орыс ымдау тілі және біз: Москва қалалақ конференция қатысушылардың сөйлеген сөздері. (сәуір, 2011) //Саңыраулар дүниесі. – 2011. – №3.

22 Зайцева Г. Л., Слезина Н. Ф. Бет қимылы-ымдау тілі. Саңырау балалар психологиясы. – М., 1971.

23 Саңыраулардың Дүниежүзілік конференциясы: Білім беру мен отбасындағы ымдау тілі //http://deafmos.ru/news/articles/konferentsiya-vfg-zhestovyyu-yazyk-v-obrazovanii-i-seme/

24 Григорьева Т.А., Русакович И.К. Ымдау тілін дамыту әдістемесі: электр. оқу-әдістемелік құрал. – Минск: БМПУ ОБО. – 2016.

25 Петшак В. Саңырау және еститін мектеп жасына дейінгілердің эмоционалдық сезімдерін зерттеу //Дефектология. – 1989. – № 4.

26 Головчиц Л.А. Мектеп жасына дейінгі сурдопедагогика: жоо арналған оқу құралы. – М.: Владос, 2001. – 304 с.

27 Носкова Л.П., Головчиц Л.А. Есту қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – М., 2004.

28 Корсунская Б. Д. Саңырау мектеп жасына дейінгі балалардың тіліноқыту әдістемесі. – М.: Просвещение, 1969.

29 Выготский Л.С. Педагогика бойынша лекциялар. – Ижевск, 1996.

30 Зайцева. Л.С. Выготскиймен қазіргі заманғы сурдопедагогика проблемалары туралы сұхбат //Дефектология. – 1998. – №2.

31 Янус Г. МБМ-де режимдік сәттерде ымдау тілін пайдалану //https://www.maam.ru/detskijsad/statja-na-temu-ispolzovanie-zhestovogo-jazyka-v-rechevym-momentah-v-dou.html]

32 Хохлова А.Ю. Саңыраулар және еститін ата-аналар отбасының естімейтін балаларын зияткерлік дамыту: автореф. дис.....психол. ғыл. канд. – М., 2007.

33 Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптың есту қабілеті бұзылған (естімейтін) оқушыларына арналған «Ымдау тілі» пәні бойынша

үлгілік оқу бағдарламасы // <http://special-edu.kz/tipprog/up469/ru/1/1.9.pdf>

34 Русакович И.К. Беларусь Республикасында ымдау тілінің мұғалімдерін кәсіби дайындау //Түзеу білімі: тарих, дамудың қазіргі замандылығы және перспективалары: Каменец-Подольскийдің ғылыми еңбектерінің жинағы. И. Огиенк атындағы Ұлттық университет. -шығ. 17.- 2 бөлімде. - 1-б. – Киев: Каменец-Подольский Медобори-2006, 2011. – 122-131 беттер.

## А-ҚОСЫМШАСЫ

### **Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуды статистикалық қамту және Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы ымдау тілін қолданудың жай-күйі**

РІМПК және облыстық ПМПК мәліметтері бойынша 2018 ж. 0 бастап 18 дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған 6967 бала анықталған. Оның ішінде төмендегі жастағылар:

0-6 жас – 1710 бала (25%)

7-15 жас – 3973 бала (57%)

16-18 жас – 1284 бала (18%)

Анықталған есту қабілеті бұзылған балалар құрамында:

естімейтіндер – 1814 (26%)

нашар еститіндер – 4035 (58%)

кохлеарлық имплантпен – 1118 (16%).

Есту қабілеті бұзылған 6205 бала оқумен қамтылған, бұл анықталған балалар санының 89% құрайды. Олардың ішінде 3088 бала есту қабілеті бұзылғандармен біріктірілген (49,8%).

Анықталған және Қазақстанның білім беру ұйымдарына 2018 жылы оқуға жіберілген балалар туралы мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

Теориялық оқумен қамтылған:

84,2% естімейтін балалар, о.і.:

53% ерте және мектепке дейінгі жаста

94% мектеп және мектептен кейінгі жаста

92% нашар еститін балалар, о.і.:

70% ерте және мектепке дейінгі жаста

98% мектеп және мектептен кейінгі жаста

85,8% кохлеарлық импланты бар балалар, о.і.:


66% ерте және мектепке дейінгі жаста

95% мектеп және мектептен кейінгі жаста.

ПМПК-те есепте тұрған және білім беру ұйымына жіберілген есту қабілеті бұзылған балалар санының ара қатынасы 1-3 суреттерде келтірілген.


1-кесте – Анықталған және Қазақстанның білім беру ұйымдарына оқуға жіберілген балалар туралы мәліметтер (2018 ж. жағдайға сәйкес)

	Естімейтіндер			Нашар еститіндер			Кохлеарлық имплантпен			Барлығы		
	0-6 жас	7-15 жас	16-18 жас	0-6 жас	7-15 жас	16-18 жас	0-6 жас	7-15 жас	16-18 жас	0-6 жас	7-15 жас	16-18 жас
ПМПК-те есепте тұрады	442	1072	300	907	2248	880	361	653	104	1710	3973	1284
барлығы	1814			4035			1118			6967		
оқумен қамтыл-ған:	235	1292		641	3078		239	720		1115	5090	
барлығы	1527			3719			959			6205		
оның ішінде оқиды:												
арнайы балалар бақшасында	180			186			110			476		
арнайы топтарда	30			40			42			112		
жай топ-тарда	25			415			87			527		
арнайы мек-теттерде		976			1040			443			2459	
арнайы сыныптарда		133			80			83			266	
жай сынып-тарда		101			1825			171			2097	
үйде оқытумен		33			39			14			86	
кәсіби тех-мектептер де, колледж-дерде			49				94			9		152




■ ПМПК-да есепте тұратыны ■ оқуға жіберілгендер

1-сурет – ПМПК-те есепте тұрған және білім беру ұйымына естімейтін балалар санының ара қатынасы



■ ПМПК-да есепте тұратыны ■ оқуға жіберілгендер

2-сурет – ПМПК-те есепте тұрған және білім беру ұйымына жіберілген нашар еститін балалар санының ара қатынасы



■ ПМПК-да есепте тұратыны ■ оқуға жіберілгендер

3-сурет – ПМПК-те есепте тұрған және білім беру ұйымына жіберілген кохлеарлық импланты бар балалар санының ара қатынасы

ПМПК ұсынысы бойынша оқуға жіберілді:  
*Арнайы балалар бақшасына* – 476 бала, о.і.:  
 180 естімейтін бала (38%)  
 186 нашар еститін бала (39%)  
 110 кохлеарлық импланты бар бала (23%)  
*арнайы топтарға* – 112 бала, о.і.:  
 30 естімейтін балалар (27%)  
 40 нашар еститін бала (36%)  
 42 кохлеарлық импланты бар бала (37%)  
*Мектепке дейінгі жастағы жай топтар* – 527 бала, о.і.:  
 25 естімейтін бала (5%)  
 415 нашар еститін бала (79%)  
 87 кохлеарлық импланты бар бала (16%)  
*арнайы мектептерге* – 2459 бала, о.і.:  
 976 естімейтін бала (40%)  
 1040 нашар еститін бала (42%)  
 443 кохлеарлық импланты бар бала (18%)  
*арнайы сыныптарға* – 266 бала, о.і.:  
 133 естімейтін бала (50%)  
 50 нашар еститін бала (19%)  
 83 кохлеарлық импланты бар бала (31%)  
*Мектептің жай сыныптарына* – 2097 бала, о.і.:  
 101 естімейтін бала (5%)  
 1825 нашар еститін бала (87%)  
 171 кохлеарлық импланты бар бала (8%)  
*Үйде оқытылады* – 86 бала, о.і.:  
 33 естімейтін бала (39%)  
 39 нашар еститін бала (45%)  
 14 кохлеарлық импланты бар бала (16%)  
*кәсіби техмектептерде, колледждерде* – 152 бала, о.і.:  
 49 естімейтін бала (32%)  
 94 нашар еститін бала (62%)  
 9 кохлеарлық импланты бар бала (6%)

Қазақстанда есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру 2 арнайы балалар бақшасында және 18 арнайы мектептерде іске асырылады. Бұл ұйымдарда оқыту ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557, 2016 жылғы 30 наурыздағы №233 және 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрықтарымен бекітілген есту қабілеті бұзылған (естімейтін) балаларға (оқушыларға) арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру, бастауыш және негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (жаңартылған мазмұнды) сәйкес іске асырылады.



Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы (түзеу) балалар бақшаларында және арнайы (түзеу) мектептерінде балалардың сөйлеушінің ернінен оқу бойынша ауызша тілді қабылдау дағдыларын игеруге және сөздік тілді дамытуға бағытталған оқытудың дәстүрлі жүйесі қалыптасты. Оқыту процесі аудиокөрнекі және сурдотехникалық құралдарды пайдаланумен есту-көру негізінде жүргізіледі.

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту тілді қалыптастыру, тілді, ғылымдар негізін оқыту, естіп қабылдауды дамыту және пайдалану әдістерінің көмегімен жүргізіледі. Оқытудың барлық әдістері есту қабілеті бұзылған балалардың материалды қабылдаудың полисенсорлық сипатына есептелген.

Отандық тәжірибеде баланың есту-сөйлеу мүмкіндігі, диагностика мерзімдері, түзеу көмегін, естүпротезін жасауға және т.б. көрсетуге өтініш ескеріле отырып, педагогтар, мамандар, ата-аналар әрекеттері келісілген жағдайда мұндай жүйенің көп оң мысалдары бар.

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту процесінде көптеген жылдар бойы ымдау тілі тек көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Ымдау тілі дербес пән ретінде:

- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп жасына дейін тәрбиелеу және білім берудің үлгілік оқу жоспарына (мазмұны жаңартылған) сәйкес мектепке дейінгі жастар үшін қарастырылмаған;

- 4-11 сыныптардың естімейтін балалары үшін естімейтін оқушыларға арналған бастауыш және негізгі орта білімнің үлгі оқу жоспарына (мазмұны жаңартылған) сәйкес қарастырылған.

Естімейтін оқушыларды ымдау тіліне оқыту үшін ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352, 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрықтарымен бекітілген «Ымдау тілін» оқыту бағдарламасы пайдаланылады. Осы бағдарламаға сәйкес «Ымдау тілі» пәні «есту қабілеті жеткілікті емес оқушыларды тәрбиелеу, баланың жеке басын жан-жақты дамыту, сөздік тілді және сөздік-логикалық ойлауды қалыптастыру негізінде ғылымдар негізін оқыту болып табылады. Осы айқындама талаптарын жүзеге асыру үшін негізгі құралдардан – сөздік тілдің ауызша және жазбаша нысанынан және көмекші – дактильдік және ымдау тілінен тұратын тілдік құрадар жүйесін пайдалану ұсынылады».

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәнінің мынадай міндеттері белгіленген:

- 1) оқушылардың білімінің, үйрену және дағдыларының сапасын көтеру;
- 2) ауызша тілді меңгеруді және еріннен оқуды жеңілдету;
- 3) тілдік материалды ыммен нығайта отырып, қабылдауды жақсарту;
- 4) ақпаратты алу және өңдеу процесінде баланың жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу;
- 5) естімейтіндерге барлық пәнді жеңіл, қызығушылықпен, толық көлемде игеруіне мүмкіндік беру;

6) билингвалдық түсінікті қалыптастыруға (әлемнің екі тілдік көрінісін қалыптастыру: сөздік және ымдық) ерекше назар бөлінеді;

7) өз ойын сөзбен білдіре отырып ойлануға үйрету, оқушының ой-өрісін олардың аса толық өмірлік ақпаратты қолжетімді түрде алуы есебінен кеңейту.

«Ымдау тілі» оқу пәнінің міндеттерін жүзеге асыру үшін төмендегілер шешіледі:

- білім беру міндеттері: ымдау құрылымы, оның конституативтігі, синкреттігі туралы, ымдау тілінің морфологиясы мен синтаксисінің негізгі ерекшеліктері туралы, тілдік әмбебаптықты көрсету тәсілдері, ымдау тілінің лексикасы мен мәнерлі (экстралингвистикалық) құралдары туралы; ымдау тілінің рөлін әлеуметтік ортада қатынас құралы, естімейтіннің ойлау және ақпаратты сақтау құралы ретіндегі рөлін анықтау; әндерді көркемдік ымдаумен орындау туралы түсінікті қабылдау;

- тәрбиелік міндеттері: оқушылардың өмірлік құзіреттілігін, дербес, тәуелсіз өмір сүруге дайындығын қалыптастыру; екі тілді меңгеру, макро және микро әлеуметтік орта өмірінің дәстүрлері мен нормаларына қызығушылық мақтанышын сезінуге тәрбиелеу; коммуникативтік үйренуді жетілдіру, тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту, ынтымақтастықта бола білуге, төзімділік, ниеттестік көрсете білуге, қоршаған ортамен ынтымақтасуға дайындау, туған табиғатқа қызығушылықты, оның байлығын сақтау және көбейту ниетін дамыту;

- түзеу-дамыту міндеттері: оқушылардың сана-сезімін, өзін сәйкестендіруге (естітіндер әлемінде және естімейтіндер әлемінде) және өзін-өзі дамытуға ұмтылуындамыту, жеке тұлға ретінде әрбір оқушының құндылық бағдарларын қалыптастыру, өзін-өзі және дұрыс бағалауын және талаптану деңгейін қалыптастыру, еркін қызметті (оның ішінде ойлау, әсіресе логикалық ойлау) дамыту, жинақталған ақпаратты алу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жетілдіру, вербальдық емес тәртіпті, эмоционалдық саланы байыту.

Бағдарлама мазмұны аптасына 1 сағатқа есептелген, яғни оқу жылында 34 сағат.


Ымдау тіліне оқыту ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің облыстық білім басқармалары қазақстандық арнайы мектептер үшін түрлі уақытта сатып алған Ресей баспаларының оқулықтары бойынша іске асырылады. «Ымдау тілі» оқу бағдарламасын әдістемелік қамтамасыз ету жоқ. Қазақ саңыраулар қоғамында есепте тұратын есту қабілеті бұзылған балаларға білім беру деңгейі туралы статистикалық мәліметтерге назар аударайық. (1-кесте).

1-кесте негізінде есту қабілеті бұзылған адамдарға білім беру деңгейі туралы көрнекі түсінік аламыз (1-сурет).

1-кесте –2019 жылғы 01 қаңтарға сәйкес Қазақстанда есту қабілеті бұзылған тұлғаларға білім беру туралы мәліметтер

Облыстар	Барлығы	Олардың ішінде білім беру деңгейі бойынша:				
		толық емес орта	орта	арнайы орта	толық емес жоғары	жоғары
Ақмола	869	433	348	81	1	6
Ақтөбе	702	599	60	35	2	6
Алматы	1326	469	687	147	3	20
Атырау	697	437	192	48		20
Шығыс Қазақстан	1359	874	304	149	8	24
Жамбыл	625	195	267	154		9
Батыс Қазақстан	1007	10	830	156		11
Қарағанды	1075	465	284	326		
Қызылорда	348	161	97	90		
Қостанай	666	613	35	16		2
Павлодар	778	634	81	51		12
Солтүстік Қазақстан	861	700	112	30	3	16
Түркістан 1	1250	990	178	76	2	4
Алматы қ.	2522	1142	805	470	35	70
Нұр-Сұлтан қ.	714	532	119	45	2	16
ҚР	14799	8254	4399	1874	56	216
		56%	30%	13%	0%	1%

Ескерту: Маңғыстау облысы бойынша мәліметтер жоқ, Түркістан облысы бойынша мәліметтер Шымкент қ. бойынша мәліметтерден тұрады.



1-сурет – Қазақстанда білім деңгейі бойынша есту қабілеті бұзылған адамдар үлесі

1-суреттен қазақстандықтардың жартысынан көбінің толық емес орта білімі бар екендігі көрінеді (56%). Олардан кейін үлкен аралықпен орта білімі барлар (30%) көрінеді, бұдан әрі – орташа арнайы білімі барлар (13%) көрінеді. Жоғары білімі барлар тек 1% құрайды.

Есту қабілеті бұзылған адамдар білімінің қанағаттанарлықсыз деңгейі себебінің бірі тілді меңгерудің аса төмен деңгейде болуы болып табылады. Бұл есту қабілеті бұзылған балаларды, атап айтқанда естімейтін балаларды оқыту міндеттері іс жүзінде жүзеге асырылмайтынын куәландырады. Бір жағынан ымдау тілін ана тілі ретінде оқыту жүйесінің жоқтығы және екінші жағынан ымдау тілінде сапалы білімге қол жеткізудің шектеулі екендігі білінеді.

Есту қабілеті бұзылған балаларға білім берудің қанағаттанарлықсыз деңгейі арнайы білім беру қажеттілігі ескеріліп, естімейтін балаларды оқытуда жаңа құрылымды тәсілдер қажеттігін көрсетеді. БҰҰ «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясының халықаралық қағидасын және есту қабілеті бұзылған балалардың негізгі тілі ретіндегі ымдау тілінің проблемалары бойынша қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер ескеріле отырып, арнайы балалар бақшалары мен мектептерде оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың басым міндеттерінің бірі ғылымдар негізін оқытуды сөздік тілден ымдау тіліне көшіру, сөздік тілді ымдау тілінің негізінде оқыту болып табылады.

## Б-ҚОСЫМШАСЫ

### Ымдау тілінің ерекшеліктері

Кесте – Ымдау тілінің ерекшеліктері (И.К. Русакович бойынша, кеңейтілген нұсқа)

Е р е к ш е - ліктері	
Л и н г в и с - тикалық	<p>Ымдардың түрі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сөйлесу кезінде «қатысатын» объектілерге арналған көрсетуші ымдар-белгілер (мысалы, қол-қолды көрсету) кеңістік сипаттамаларын (мысалы, осында, анда, сол жағында және т.б.) жеткізу үшін, әңгімелесушілердің көз қырында көрінген заттың осындай түсі болса, заттың түсін атау үшін пайдаланылады;</li> <li>• бір қолдық немесе екі қолдық пластикалық ымдар белгіленетін заттың пішінін жасайтындар (мысалы, саңырауқұлақ, орындық, кітап және т.б.);</li> <li>• зат нысанын жасайтын сипаттаушы ымдар (мысалы, тәрелке, шкаф, алмұрт және т.б.);</li> <li>• қозғалу тәсілдерін білдіретін ұқсату ымдары (мысалы, жүгіру, секіру, жүзу және т.б.);</li> <li>• көрсетілетін заттың бейнесін көру қиын болатын шартты ымдар (мысалы, қуаныш, тек, фабрика және т.б.); олардың бір бөлігінің дактильді кескіндемесі бар (мысалы, шын, бақытты, сейсенбі, желтоқсан және т.б.).</li> </ul> <p>Ымдардың қасиеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ конситуативтілік, яғни жағдаймен тығыз байланыстылық. Ымдау мәні мәтінмен анықталады (мысалы, кішкентай үй, кішкентай орындық және т.б., құс ұшып барады, самолет ұшып барады және т.б.);</li> <li>◆ көпмәнділік (синкретизм) – пән-құрал және затпен әрекет жасау (қалам және жазу, тағам және жеу), күй-сапа-белгілер (жас және жастық, балғын және балғындық) және басқалардың мәндерін жиынтықпен беру. Бір ым әрекетті және әрекет (балта-шабу) құралын, орындаушының әрекетін және әрекет құралын (шаңғы – шаңғымен жүру) көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін;</li> <li>◆ талдамалық сипат – жинақталған түсініктерді білдіру (мысалы, жиһаз = орындық + үстел + кереует; көлік = троллейбус + автобус + трамвай; лимон = сары + қышқыл + сығылатын және т.б.);</li> <li>◆ тұтас пікірді бір ыммен білдіру (мысалы, жаңбыр шелектен құйғандай жауып тұр, күн көкжиектен асып кетті және т.б.).</li> </ul>
Г р а м м а т и - калық	<p>Мәндерді білдіру және оларды көрсету тәсілдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• көпшелікті білдіріледі: <ul style="list-style-type: none"> <li>- талдамалық ыммен (мысалы, зат + түрлі (көп));</li> <li>ымды қайталау (мысалы, ағаштар – екі қолмен, айна қатесіз);</li> <li>- ымды, ым-номинативті және ым-санды көрсетумен (мысалы, қалам бес, балалар он және т.б.);</li> <li>- кеңістікті білдіру үшін қосымша қозғалыспен (мысалы, кітап + оңға, жоғары қозғалу = кітаптар бумасы);</li> <li>- ым-номинатив және ым-көптік тіркесі (құстар тобы, оқушылар тобы және т.б.);</li> </ul> </li> </ul>

	<p>- қозғалыс-кеңістік сипаты көмегімен – кеңістікте нақты көрнекі жағдайды көрсететін ымдар-номинативтер кешені (мысалы, бөлмеде орындықтар тұр);</p> <p>- «кезек», «топ», «шайқас» және т.б. ымдармен қолдың «көп» деп ымдауымен бірге тіркес нысанын пайдаланумен;</p> <p>• тиесілікті білдіріледі:</p> <p>- арнайы «тиесілі болу» ымымен;</p> <p>- «менің», «сенің», «оның», «сіздің», «біздің», «өзінің» ымдарымен;</p> <p>- «арналу», «үшін», «лайықты» ымдарын қолданумен (мысалы, әжеме лайықты орамал = орамал әже лайықты);</p> <p>• сапа мен оның дәрежесі беріледі:</p> <p>- «жақсы», «жаман», «жақсырақ», «нашарлау» ымдарымен;</p> <p>- ым-белгі және «жақсырақ», «нашарлау» ымдары тіркесімен (мысалы, әдемірек = әдемі + жақсырақ және т.б.);</p> <p>- ым-белгі және «ең» ымы тіркесімен;</p> <p>• модальдық мәндер – сөйлеушінің пікір мазмұнына қатынасы, пікір білдірудің нақтылыққа қатынасы (керек, болады) беріледі:</p> <p>- бекітумен: «жазу болатын еді» ымдарымен;</p> <p>- бұйрықпен: «жазу өтінетін едім»;</p> <p>- нұсқаумен «қара», «еске сақта» және т.б. ымдарымен + сұқ саусақты ұрғылау ымы.</p> <p>Қатынастарды көрсету және оларды білдіру тәсілдері:</p> <p>◆ уақытша қатынастар мыналар арқылы беріледі:</p> <p>- ым-әрекет және «болды», «болады» тіркесі (мысалы, демалу болды, демалатын боламын)</p> <p>- ым-әрекет және «ертең», «кеше», «бұрын», «бір апта бұрын», «бір жылдан кейін» және т.б. ымдар тіркесі;</p> <p>- ым-әрекет және «әлдеқашан». «дайын», «аяқталды» немесе «ерте» ымдар тіркесі;</p> <p>◆ кеңістіктік қатынастар мыналар арқылы беріледі:</p> <p>- «үстінде», «астында», «жанында» және т.б. кеңістіктік ымдар-сөз алды қосымшалары;</p> <p>- «Қай жерде?», «Қайда?», «Қайдан?» сұрақтарының мәндерін білдіру кезінде екі қолмен бағытталған ымдар (мысалы, кәрзеңкеге жинайды = кәрзеңке (бір қол) + оған лақтырады (бағыт төменге. басқа қол және т.б.);</p> <p>- сөздер баламасы (мысалы, бала терезеге қарап тұр = қарап тұр (бағытталған ым) терезе) және басқалар болып табылатын бір қолмен бағытталған ымдар;</p> <p>- «жергіліктендіру» құрама бөлігін пайдалану – жағдайды модельдеу (мысалы, шам үстел үстінде = шамүстелдің артында, үстелге қарсы торшер және т.б.);</p> <p>- пантомимикалық құралдар – сипаттайтын ымдар (мысалы себезгі (душ) астында жуыну, терезеден қару және т.б.);</p> <p>◆ субъект-субъективтік қатынастар мыналар арқылы беріледі:</p> <p>- субъект өзінен әрі ыммен орындалады (мысалы, айтып отырмын, қарап отырмын және т.б.), объект – өзіне қарай ыммен (мысалы, айт, қара және т.б.);</p> <p>- мәнінің көптеген өзгешеліктері арқылы ымдау-номинативтік кеңістігін өзгерту (мысалы, бір затқа қараймын, маған көп адам қарап тұр және т.б.);</p> <p>◆ мойындамауды көрсету былайша білдіріледі:</p> <p>- ым-номинатив + «емес», «жок» терістеу-ымы тіркесімен.</p>
--	--

Синтаксис-тік	<ul style="list-style-type: none"> <li>• пікірмен білдірудегі ымдардың еркін тәртібі;</li> <li>• ым-сұрақ сөйлем соңында қойылады (мысалы, күлесің неге, келесің қашан және т.б.);</li> <li>• ымдау-мойындамау әрекеттен, белгіден, заттан кейін орналасады (мысалы, көріп тұрмын, көріп тұрған жоқпын, емес жасыл және т.б.);</li> <li>• әрекеттің аяқталғанын-аяқталмағанын көрсетуші ым (мысалы, әлдеқашан, ерте және т.б.) әрекеттен кейін қойылады;</li> <li>• ымдық көрініс туралы ой –объектіні кеңістікте көрнекілеу, олардың дұрыс орналасуы.</li> </ul> <p>Ыммен пікір білдіргенде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- барлық мән толық білдірілмейді;</li> <li>- бұл мәнді қоса беруге болатын пікірлер түсіп қалған;</li> <li>- ымдар алмастырылмаған жайғасымдар мәнін береді (мысалы, оқушы сабақта дәрігерден келді, сынаптастарына уәде береді кейін. Не?; алмастырылмаған жайғасымдардың нақты мәні конситуациямен анықталады (мысалы, кешірек болады, ауру, жақсы дәрігер туралы айту және т.б.);</li> <li>- алмастырылмаған жайғасымдардың лексикалық-семантикалық конситуациясымен толықтырылады (мысалы, сатып алдың ба кәмпітті? Бізге бәрі ме? Жеуге бола ма бәрін? Осы және басқа мәндер жағдай мәтінмен қойылады).</li> </ul>
---------------	--

## В-ҚОСЫМША

### Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуда ымдау тілін қолданудың шетелдік тәжірибесі

Естімейтін балаларды ымдау тілінде оқыту көбіне оның заңдық мәртебесіне байланысты, ымдау тілінің мәртебесін көтеруде БҰО мүгедектер құқығы туралы конвенцияны қабылдауы күшті түрткі болғанын атап өту керек. Интернет-көздерге сілтемеден қазіргі уақытта ымдау тілінің мемлекеттік мәртебесі Исландия мен Жаңа Зеландияда, ресми мәртебесі – Португалияда қолданылатыны көрінеді (кесте).

Еуроодақ елдерінде ымдау тілінің үш мәртебесі бар:

- конституциондық деңгейде танылған (Австрия, Венгрия, Исландия, Испания, Словакия, Финляндия, Чехия);
- ұлттық деңгейде танылған (Ұлыбритания, Германия, Греция, Италия, Норвегия, Франция, Швеция);
- мүлде танылмаған (Болгария, Польша, Румыния).

Кесте – Үмдау тілінің мәртебесі және оны түрлі елдерде оқу процесінде қолдану

Үмдау тілінің мәртебесі	Балаларды оқытуда ымдау тілін қолдану тәсілдері	Елдер
конституциондық деңгейде танылған	- тотальдық коммуникация - билингвизм	Венгрия, Венесуэла, Зимбабве, Исландия, Жаңа Зеландия, Португалия, Уганда, Финляндия және т.б.
ұлттық деңгейде танылған	- тотальдық коммуникация - билингвизм	Австралия, Австрия, Бельгия, Великобритания, Германия, Греция, Ирландия, Испания, Италия, Канада, Кипр, Македония, Норвегия, Россия*, Словакия, Словения, США, Таиланд, Уругвай, Франция, Чехия, Швеция, Япония және т.б.
оқыту тілі ретінде білім беру деңгейінде танылған	- тотальдық коммуникация - билингвизм	Белоруссия, Бразилия, Дания, Украина, Оңтүстік Африка және т.б.
танылмаған	- орализм - тотальдық коммуникация (ымдау тілі көмекші құрал ретінде)	Болгария, Грузия, Қазақстан, Кения, Непал, Польша, Румыния және т.б.

Ескерту: \* Ресейде коммуникациялық тәсіл мен билингвизм таралған.



Түрлі елдерде естімейтін балаларды оқытуда ымдау тілі әртүрлі қолданылатынын айта кеткен жөн. Бір елдерде, мысалы Ирландияда, Норвегияда мұғалімдер ымдау тілін меңгеруге және балаларға өз пәнін сол тілде оқытуға міндетті. Бұл ретте ымдау тілімен оқыту түзете оқыту болып есептелмейді. Басқа елдерде оқыту процесіне ымдау тілінің аудармашылары тартылады, олар сабаққа тікелей қатысады және естімейтін балаларға оқу материалын игеруге көмектеседі (АҚШ, Оңтүстік Африка).

Кейбір елдерде, мысалы Францияда, арнайы мектептің бастауыш және орта сыныптарында оқыту ымдау тілінде, жоғарғы сыныптарда – ымдау тілінің аудармашысы көмегімен іске асырылады. Бірқатар елдерде естімейтін балаларды біріктірілген жалпы білім беру мектептерінде оқыту ымдау тілінде жүргізіледі.

Ресейде, Қазақстанда естімейтіндерді колледждерде, институттарда оқыту ымдау тілінің аудармашы қызметінің көмегімен іске асырылады. Финляндияда естімейтін жастар ымдау тілінің мұғалімі мамандығына 120 апта, ымдау тілінің аудармашысы мамандығына 140 апта оқытылады.

Белоруссияда кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте ұқсастығы жоқ арнайы мектепте ымдау тіліне оқытудың бірегей тәжірибесі жинақталған, Беларусь Республикасының Білім министрлігінің 2000-шы жылдардың басында өткізген есту қабілеті бұзылған оқушыларды ымдау тіліне оқытудың оу-әдістемелік және оқу-бағдарламалық қамтамасыз етуді сынауы нәтижесінде ымдау тілі елдің арнайы білім беру мекемелеріндегі пәндердің бірі ретінде мемлекеттік стандартқа ресми түрде енгізілген.

Беларусь Республикасының арнайы білім беру концепциясында ұлттық ымдау тілі естімейтіндердің тұлғааралық қатынас құралы және сөздік тілмен қатар білім беру процесінің құралы болып танылған. Ымдау тіліне оқыту естімейтіндермен нашар еститіндерге арналған мектептердің оқу жоспарына дайындық сыныбынан бастап енгізілген.

Ұлттық білім беру институтында ымдау тілінің зертханасы жұмыс істейді. Ұлттық ымдау тілінің сөздігі дайындалуда, аудармашыларды дайындау қайта қарастырылуда, ымдау тілі аудармасы қызметі және т.б. жетілдірілуде.

Көптеген елдерде естімейтіндерді ресми түрде билингвистикалық оқыту қабылданған, онда ұлттық ымдау тілі ұлттық тілде білім беру процесінің тең құқықты құралы ретінде жүреді (Литва, Норвегия, Швеция және басқалары). Мұнда «тотальды коммуникация» деп аталатын кеңінен пайдаланылады, оның доктринасына сәйкес тілдік құрал жүйесіне ымдау тілі және т.б. енгізіледі. Бұл бағытта маңызды қадамдар Беларусь Республикасында жасалған.

Фландрияда (Бельгиядағы өз тілі мен мәдениеті бар өңір) бір арнайы білім беру мектебі бар, онда ымдау тілі пайдаланылады. Зияты сақталған естімейтін балалардың көпшілігі жай мектептерге барады, онда оқытудың билингвистикалық тәсілі бар сыныптар құрылады. Фламанд тілі ымдау тілі

мен жазба тіл арқылы негізгі ұлттық тіл ретінде оқытылады. Сыныпта екі естімейтін педагог сабақ береді. Аптасына бір рет міндетті түрде мектептің еститін балаларымен бірлесіп жалпы іс-шара өткізіледі.

Норвегияның арнайы мектептерінде оқу бағдарламасына сәйкес естімейтін балалар төрт тілді: ымдық норвегия, сөздік норвегия, жазбаша ағылшын, ымдық британ тілдерін үйренеді.

Жапонияда саңырауларға арналған бір ғана билингвистикалық мектеп жұмыс істейді. Бұл мектепте балалар пәндерді ымдау тілімен оқиды. Ымдау тілі басқа тілдермен (жапон тілі, математика, ғылым, әлеуметтік зерттеулер, әдебиет, ағылшын тілі және тағы басқалар) қатар мектептің негізгі жеке пәні ретінде оқытылады. Мектепте сондай-ақ естімейтін мұғалімдер жұмыс істейді, олар естімейтін балалар үшін тәртіп, өзін тұлға ретінде сәйкестендіру моделі ретінде болады.

Россияда (Москва қ.) саңырау балаларға арналған бірінші билингвистикалық гимназия жұмыс істейді. Мұғалім мен оқушының сабақта ымдау тілімен сұхбаттасуы оқу апаратының көлемін айтарлықтай ұлғайтуға, оқытылатын пәндердің өрісін кеңейтуге (билингвистикалық гимназияның оқу жоспарына ағылшын тілі, логика, әдеп, ымдау тілі және саңыраулар тарихы және т.б. енгізілген) мүмкіндік береді.

Осылайша шетелдік тәжірибе ымдау тілі мемлекеттік болып танылған, оқыту ымдау тілінде немесе билингвизммен жүргізілетін жерде оның деңгейі де ауызша әдіс артықшылықпен оқытылатын деңгейден айтарлықтай жоғары екенін көрсетті.

Шетелде көптеген университеттер ымдау тілін өз бағдарламаларына лингвистикалық пән ретінде қосады. Еститін оқушыларды ымдау тіліне екінші шетел тілі ретінде оқыту әдістемесі табысты қолданылады. Естімейтіндерді ымдау тіліне ана тілі және бірінші тіл ретінде оқыту бағдарламалары мен әдістері әзірленуде (Базоев В.З., Паленный В.А. Жым-жырт дүние адамы. – М.: Академкнига, 2002).

Ымдау тілін шындап зерттеуші естімейтін мамандардың саны өсіп келеді. Ымдау тілін зерттеуші естімейтіндер халықаралық қауымдастығы құрылған.

Ұлыбританияда Ымдау тілі мен саңыраулар проблемарын зерттеу ұлттық орталығы әрекет етеді (Бристоль қ.). Нидерландта Ымдау тілі орталығы әрекет етеді, онда ымдау тілін стандарттау жұмысы жүргізілуде (Буник қ.). Германияда неміс ымдау тілінің орталығы әрекет етеді (Гамбург қ.). Швецияда Стокгольм университетінде швед ымдау тілін лингвистикалық зерттеу жүргізілуде. Финляндияда – Ымдау тілінің орталығы (Хельсинки қ.) бар. АҚШ-та бірқатар университеттерде ымдау тілін кеңінен зерттеу жүргізілуде. Американдық ымдау тілі ағылшын және испан тілінен кейін елде үшінші кеңінен таралған тіл болып табылады. Ресейде (Мәскеу қ.) естімейтіндерге білім беру және ымдау тілі орталығы әрекет етеді.



---

А.Т.Баймұратова, Г.А.Абаева, Н.Ю. Преображенская

Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану бойынша  
әдістемелік нұсқаулық

Редакторы *А.Т. Баймұратова*.  
Техникалық редакторы Д. Токтарбекова.  
Компьютерлік қалыптауы А. Қабанбаев.

---

Қалыбы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 3,75 шартты баспа табак.

---

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.